алмазы
мен
жетісудың
кен қазыналары

АКИМАТ г. АЛМАТЫ

ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛАНА
МОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Издательский дом
«CREDO»
Алматы
2004

алматы мен жетісудың көне тарихы

ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ
АЛМАТЫ И ЖЕТЫСУ
ANCIENT HISTORY
OF ALMATY AND JETYSU
7

тастан – қолаға

ОТ КАМНЯ К БРОНЗЕ
FROM THE STONE
TO THE BRONZE
30

сақтар мен үйсіндердің алтыны мен қоласы

ЗОЛОТО И БРОНЗА
САКОВ И УСУНЕЙ
THE GOLD AND THE BRONZE
OF SAKAES AND USUNS
46

орта ғасырлар дәуірінің қазыналары

СОКРОВИЩА ЭПОХИ
СРЕДНЕВЕКОВЬЯ
THE MIDDLE
AGE TREASURES
104

ISBN 9965–9164–9–7





К.М. БАЙПАҚОВ, Т.В. САВЕЛЬЕВА

ДРЕВНИЕ СОКРОВИЩА
АЛМАТЫ И ЖЕТЫСУ

ANCIENT TREASURES
OF ALMATY AND JETYSU

алматы мен жетісудың көне қазыналары





Құрметті достар!

Елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда кең ауқымды жұмыстар басталып кетті. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев рухани өмірді жаңа деңгейге көтеріп, жаңа әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру міндетін алға тартып отыр.

Қазақстанның келешекте өркениет жолымен дамуы көп жағдайда еліміздің өткендегі мәдени байлығын игеру деңгейіне байланысты болмақ.

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Алматы мен Жетісудың көне қазыналары» альбомы ата-бабаларымыздан мұра болған заттық мәдениеттің бірегей үлгілері – әдемілігімен, жасалу шеберлігімен таң қалдыратын ғажайып бұйымдармен таныстырады. Алматы аумағынан табылған, «скиф-сібір жануарлар стилінде» жасалған сақтардың әшекей заттары, көне қола қазандар мен шырағдандар, әсем де сәнді ортағасырлық керамика бұйымдары – көркемдігі жөнінен теңдессіз дүниелер.

Бұл альбомның жарыққа шығуы мәдениетімізді дамытуға, қоғамымыздың бай мәдени мұраларын сақтап, молайта түсуге қосқан ортақ үлесіміз болады деп сенеміз.

В. Храпунов,
Алматы қаласының әкімі

Дорогие друзья!

Начата огромная по своим масштабам работа по реализации Государственной программы «Культурное наследие» Президентом нашей страны Н.А. Назарбаевым поставлена задача формирования нового качества духовной жизни, новых социокультурных ценностей.

От степени освоения культурного богатства прошлого нашей страны во многом зависит дальнейшее цивилизованное развитие Казахстана.

Представленный вашему вниманию альбом «Древние сокровища Алматы и Жетысу» демонстрирует удивительные по красоте и мастерству изготовления предметы материальной культуры наших предков. Это золотые украшения саков, выполненные в «скифско-сибирском зверином стиле», бронзовые древние котлы и светильники, найденные на территории Алматы, изумительная по красоте средневековая керамика.

Надеемся, что издание данного альбома послужит нашим совместным вкладом в развитие культуры, сохранение и приумножение богатейшего культурного наследия нашего общества.

В. Храпунов,
аким города Алматы

Dear friends!

A large-scale work on realization of the State program «Cultural Heritage» has been started.

N.A. Nazarbaev, the president of our country put the tasks to form a new quality of spiritual life and to establish new social-cultural values.

Further civilized development of Kazakhstan mostly depends on the level of assimilation of our country's cultural wealth.

The presented to your attention album «Ancient Treasures of Almaty and Jetysu» demonstrates the beautiful items of the material culture of our ancestors, amazing by their skills.

They are golden decorations made in «scythian-syberian style», bronze cauldrons and ancient lamps found on the territory of Almaty, medieval ceramics, amazing by its beauty.

We hope that the publication of this album will be our joint contribution to the development of culture, preservation and increase of the richest cultural heritage of our society.

V. Khrapunov,
Akim of Almaty city

Алматы мен Жетісудың көне тарихы

Алматы қаласының жасы жөнінде. Алматы, басқа да қалалар сияқты, сан сипатты, қатпар-қатпар тарихы бар шежірелі шаһар. Ол өзінің мың жарым жылдық ғұмырында көптеген айтулы оқиғаларды тудырып, тарихтың қозғаушы күші, куәгері болып келеді. Сан ғасырлық уақыт көшінде, түрлі мемлекеттердің өмір сүру дәуірінде қала өрлеу мен құлдырау кезеңдерін басынан кеше отырып, үнемі жаңару, жасару үдерісінде болды.

Алматының ежелгі тарихы, орналасқан жер жағдайы, пайда болуы мен өмірінің кезеңдері аса қызығушылық туғызады. Жетісу өңірінің қалалар бой көтергенге дейінгі кезеңі көне түркілер дәуірімен байланысты. Бұл кезде өлкеде тұрғындары қолөнер кәсібі, егіншілік және мал шаруашылығымен айналысқан көптеген қоныстар пайда бола бастады.

Мұның бәрі X–XII ғасырларда, Қарахандықтар мемлекеті тұсында қалалық өмірдің өркен жаюына негіз қалады. Жетісуда қалалардың саны артып, аумағы кеңейді, қолөнері мен сауда, соның ішінде Ұлы Жібек Жолы бойында халықаралық сауда қарқыны қауырт өсті. Халықаралық сауда бағалы тауарлар, мәдени жетістіктер және дүниежүзілік діндердің таралуына ықпал етіп, экономика, ақша айналысы, коммуникация қатынастарының өркендеуіне, қала өмірінің жандануына жол ашты. Орта ғасырларда Жетісу қызу өмір қайнаған Шығыстағы ірі аймақтардың біріне айналды.

Жазба деректерден Жетісу өлкесіндегі Талхир, Екіөгіз, Лабан, Қаялық, Ілебалық тәрізді бірнеше ірі қалалар жөнінде мағлұматтар кездеседі. Олардың қатарында Алматы қаласы да бар.

XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген жазушы, ақын және мемлекет қайраткері Бабырдың еңбегінде мынандай дерек келтірілген: «Ферғана – бесінші климат белдеуінде орналасқан аймақ, өңделіп, егін өсірілген жерлермен шектеседі, шығысында – Қашқар, батысында – Самарқанд, ал оңтүстігінде Бадахшан таулары жатыр. Бұрын солтүстігінде Таразкент кітабында аталған Алмалық, Алмату және Янғы тәрізді қалалар болғанымен, оларды моңғолдар қиратып-талқандаған, қазір ол жерлерде елді мекен атымен жоқ».

Алматы қаласын Бабырдың замандасы, «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы Мұхаммед Дулати да тілге тиек етіп, оны «Моғолстандағы ең белгілі жерлердің бірі» деп атап көрсетеді.

Түптеп келгенде, нумизматикалық деректер арқылы Алматы қаласы туралы нақты мәліметтерге қол жеткізілді. Бұл талассыз дерек екені даусыз. 1979 жылы бұрынғы Шекара училищесі территориясынан екі күміс теңге табылды. Теңгелердегі көмескілене бастаған жазуларды оқу мүмкін болмады. Алайда олардың беттеріндегі бұдан бұрын кездеспеген таңбалар ерекше назар аударды. Осы айғақтың негізінде Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қызметкері, шығыстанушы, нумизмат В.Н. Настич бұл теңгелердің Жетісуда соғылғаны, XIII ғасырда қазіргі Алматы территориясында теңге сарайының бол



Сақ қорғандары

ғандығы жөнінде жорамал айтты. 1990 жылы осындай таңбасы бар тағы екі теңге табылды. Теңгелердің біріндегі шетін жиектей жазылған жазудан теңге сарайының аты мен датасы анық көрінеді: «бұл дирхем Алматы қаласында (балад) 1271–1272 жылдары соғылды». « Алматы» сөзінің арасына нүкте қойылмаған, алайда , жоғарыды айтылғандармен бірге, жалпы жазылу графикасына қарап оны «Алматы» деп оқуға болады. Бұл дерек арқылы мұның XIII ғасырда қазіргі Алматы қаласының аумағында орын теуіп, дәл осылай атанған қала екеніне көзіміз әбден жетеді.

Алматы территориясында халықтар қоныстануының маңызды кезеңі бұл жерде елді мекендер мен қалалар пайда болып, қалыптасқан орта ғасыр дәуірімен байланысты. Верныйдың шеткері аймағындағы ортағасырлық қаланың қалған жұрнағы туралы 1894 жылы Ресейдің белгілі шығыстанушы ғалымы В.В. Бартольд өз еңбегінде жазды. Қалашықтың үстіңгі қабаттарында күйдірілген кірпіштен салынған құрылыс қалдығы әлі сақталған. XX ғасырдың бірінші жартысында өлкетанушылар В.Д. Городецкий мен Б.Н. Дублицкийдің жазған есептерінде Алматы аумағында – қазіргі «Таулы қырат» қыстағы аймағында, Есентай өзені жағалауында, «Түрксіб» санаторийіне таяу жерде орналасқан ортағасырлық қалалар туралы мәліметтер кездеседі. Археологтар 60–90-шы жылдардағы зерттеу жұмыстары нәтижесінде қаланың оңтүстік тұсындағы Есентай өзенінің оң жағалауынан және Ремизовкаға барар жолдың маңынан ортағасырлық қоныстың орнын ашты. Ботаника бағының территориясынан кездейсоқ жағдайда X–XII ғасырлардағы керамика бұйымдарының қоймасы табылды.

Алайда қазіргі Әскери институт (бұрынғы Шекара училищесі) орналасқан жердегі қалашық орны аса қызығушылық туғызып отыр. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде нақ осы арадан балшық ыдыстар, қола және темірден жасалған бұйымдар ұшырасты, ал 1980 жылы ортағасырлық ұстахананың қалдығы табылды. Ұстаханада соғылған темір түйірлері, балталар, сонымен қатар металл қорытатын ыдыс пен ұста көрігінің жұрнағы әлі де сақталған. Ұстахана X–XI ғасырлар кезеңіне жатады. Алматыдағы теңге сарайында соғылған теңгелердің осы қалашықпен байланысты екені күмән тудырмайды.

Міне, осы деректердің барлығы X–XI ғасырлардың өзінде-ақ бұл жерде қала болғанын сөзсіз айғақтайды. Кейіннен табылған теңгелерде көрсетілгендей, бұл Алматы деп аталған болуы керек.

Алматы X–XI ғасырларда Қарахандықтар, одан кейін Шағатай мемлекетінің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің орталығына айналып, Ұлы Жібек жолының бойындағы халықаралық сауда қатынасында маңызды рөл атқарды.

Сонымен, жазба деректердің мағлұматтарына, табылған теңгелерге және археологиялық материалдарға сүйене отырып, Алматы қаласы табиғаты көркем, суы мол Іле Алатауының бөктерінде X–XI ғасырларда пайда болып, қалыптасты, оның тарихы кемінде 1000 жылдық кезеңді қамтиды деп тұжырым жасауға болады.

Алматы қаласының тұңғыш қазығы қағылғалы кем дегенде мың жыл өткенін анықтай келе, бұл өңірде қола және темір дәуірінің бас кезеңінде адамдардың алғаш қоныс теуіп, орналасқанын емес, қала сипатына сай тұрғындардың шоғырлануы, өндіріс және интеллектуалдық әлеуетінің қалыптасып, дамуын сөз етіп отырғанымызды айта кеткен жөн. Жазба деректер XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың соңында оның қала мәртебесінен айрылып, құлдырай бастағанын атап көрсетеді.

Жетісу қалалары XIV ғасырдың аяққы шенінде күйреп, кері кеткенін археологтардың материалдары да дәлелдейді. Дәл осы кезеңде Талхир, Қаялық, Екіөгізде қалаға тән тірлік нышандары саябырсып, өше бастады.

Ірі қалалық орталықтардың күйреп, құлдырауына сол кездегі бірнеше оқиғалар себеп болды. Бұл ретте моңғол шапқыншылығының салдарынан Іле алқабының көршілес аудандармен экономикалық байланысының әлсіреуі, Шағатай мемлекетіндегі өзара қырқыс-таластар, Ұлы Жібек жолы бойындағы халықаралық сауданың күрт қысқаруы сияқты жәйттерді айтуға болады.

Алайда аймақтағы отырықшылық өмір ешқашан тоқтап қалып, тамыр үзген емес. Селолық қоныстар, жартылай көшпелі тұрғындардың қыстақтары әрі қарай өмір сүруін жалғастырып, қазақтардың өмірінде маңызды рөл атқара бастады. Мәселен, қазақ даласында айдауда жүрген поляк А. Янушкевич 1846 жылы Жоңғар өлкесінде болған сапарында Шынжалы, Егінсу, т. б. алқаптарда қазақтар «каналдар мен жерді суландыру арқылы егістікті өңдеп, тары егеді» деп жазды.

XIX ғасырдың ортасына таман Іле Алатауының беткейін түгелдей егіншілікпен шұғылданатын отырықшы қазақтар жайлады. Ш.Ш. Уәлихановтың айтуынша, Верныйдан Түрген, Есік және Талғар аймағына дейін қазақ ауылдары қоныстанған. Бұл туралы ол: «Біз жүріп келе жатқан жазық дала кеңістігінде тау етегіне дейін ауылдар отыр ... Талғар маңындағы алқапта көптеген қорғанүйінділер мен қазақтың егістік жерлері бар... мен дикан қазақтың үйіне түнеп шықтым» деп жазады. Орыс қоныс аударушылары жергілікті қазақтардан қолдан суландыру және жерді өңдеп, пайдалану тәсілдерін үйренген.

Верный бекінісі іргетасының қалануы да қызғылықты жай. 1853 жылы 2 шілдеде майор Перемышльскийдің отряды Қапал бекінісінен шығып, Алатауға бет алды. Алатау мен Талғар жоталарының солтүстік беткейін барлап, зерттегеннен кейін ол Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордқа: «Бірінші және екінші Алматыны, олардың аралығындағы алқапты аралай келе, біз ағаш өндіруге, арықтар жүргізіп, егін егуге, жайылым мен шабындық үшін пайдалануға қолайлы көптеген тамаша жерлер таптық. Бұлар Есік шатқалы мен Талғардан да асып түседі. Алматыны келешек қоныстың орны ретінде ұсынуымыз сондықтан», – деп жазды.

1854 жылы көктемде Ресейдің әскери қызметкерлері ортағасырлық қоныстар мен қалашықтардың орнында, солардың бірі Алматы болатын, Верный бекінісінің құрылысын бастап кетті. Жергілікті халық бекіністің іргетасы қаланған жерді «Алматы қамалы» деп атады.

1854 жылы 4 ақпанда Инженерлік департаменттің құжатына Николай I: «Бекіністі Верный деп атауға келісемін» деп бұрыштама жазды. Бұл дата Верный – Алматы қаласы жаңа тарихының басталу кезеңі ретінде қабылданады.

Әрине, Алматы тарихын зерттеуді одан әрі белсенді түрде жалғастыру керектігі дау тудырмайды. Ортағасырлық Алматы қаласының мың жылдық тарихына, биылғы жылы құрылғанына 150 жыл толатын Верный – Алматы қаласына қатысты жете зерттелмеген мәселелерді шешу үшін ғылыми тұжырымдарды жаңа фактілермен толықтыра түскен жөн.

Көне дәуір кезеңдері: «андроновтықтар», сақ және үйсіндердің қазыналары. Қола дәуірінде Алматы аумағы мен оның төңірегінде, бүкіл Жетісу өңіріндегідей, б. д. д. II–I мыңжылдықтың бас кезеңіне жататын «андронов мәдениетінің» тұрақтары мен қорған-обалары пайда бола бастайды. Қоныс сегіншілікпен, мал өсірумен және қолөнерімен айналысты. Ою-өрнекпен әшекейленген керамика бұйымдар, балталар, егін оратын қола орақ, тастан әлеміш заттар жасады. Жартастардың күн қақтаған жазық беттеріне көне суретшілер екі аяқты күйме арбалардың, күн басты құдайлардың бейнесін, ғұрыптық билер мен басқа да көріністерді шекіп түсірді.

Алматы мен Жетісу өлкесінде алдымен сақ, кейіннен үйсін тайпалары қоныстанып, өмір сүрді. Археологиялық зерттеулер арқылы бұл жерлерден сақ пен



Тұздысай қазбалары

үйсіндердің ондаған қоныстарының орны анықталды. Солардың бірі – б. д. д. VII ғасырға жататын, Алатау кентімен қатар орналасқан Тұздысай қонысы. Бұл жерлер көшпелілердің уақытша тұрағы емес, түпкілікті мекені болды. Мұны жерді тереңдей қазып салған үйлерінен, оның ішіне орнатылған ошақтардан аңғаруға болады. Үй құрылысына шикі балшық кесектері пайдаланылды, кейіннен бұлардан шикі кірпіштер дайындалатын болды. Үйлердің іші ашық ошақта жаққан отпен жылытылды. Тұрғындар керамика пештерінде күйдіру арқылы саз балшықтан түрлі ыдыстар жасады. Тұздысайлықтар арпа, тары және бидайдың бірнеше сорттарын өсірді. Бұлардың ішінде суғару арқылы ғана өсетін бидайдың ерекше сорттары бар, бұл олардың қолдан суғару әдістерін меңгеріп, егіс алқаптарының жанынан арықтар, яғни алғашқы каналдар қаза білгенін көрсетеді.



Талхир қалашығы. Көпір

Сөйтіп, отырықшы өмір сүріп, егіншілікпен шұғылданған сақ пен үйсіндердің адамзат тарихындағы рөлі, бұрын қалыптасқан тұжырымдармен салыстырғанда, әлдеқайда маңызды болып шықты.

Сақтардың қолданбалы өнері ең алдымен Солтүстік Қара теңіз жағалауы (Скифия), кейіннен Сібірден табылуына байланысты «скиф-сібір жануарлар стилі» шартты атауына ие болды. Аң, жануар, құс және ғайыби хайуанаттарды бейнелеу оның басты тақырыбына айналды. Б. д. д. III–II ғасырларда жануарлар стиліндегі өнер біртіндеп құлдырап, мән-маңызын жоғалтты да, ою-өрнек мәнеріне көше бастады. Оны «полихром стилі» алмастырып, зат бетіне түсті тастардан бағдар қондыру, бұдырлау және басқа да әшекей түрлерімен безендіру тәсілі дүниеге келді.

Зергерлік әшекей заттары мен теңдессіз қолданбалы өнер туындыларының жиынтығы Есік қорғанындағы патша қорымын қазған кезде табылды. Есік қаласының шет жағындағы қорым-обаның құрамына кіретін бұл қорғанның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м.

Жерленген адамның үстіндегі киімін қалпына келтірудің сәті түсті, алайда оның тек алтын әшекейлері ғана сақталып қалған көрінеді. Мүрде 17–18 жастағы жас жігіттікі болып шықты. Оған алтынмен зерленіп тігілген салтанатты киім кигізілген. Басында – түрлі пішіндегі және көлемдері де әртүрлі алтын бастырмалармен әшекейленген, биіктігі 65–70 см шошақ төбелі бас киім. Бас киіміндегі әшекейлердің саны 150-ге жетіп қалады. Олардың көбі қар барысы, таутеке, арқар, ат, құстардың қалыппен басып түсірген бейнелері болып келеді. Бас киімінің алдыңғы жағы таутеке мүйізді екі қанатты аттың мүсіншелерімен, сондай-ақ құстың ұзын қос қанаты түріндегі және басқа да көптеген үлгідегі бастырмалармен безендірілген. Есік жауынгерінің мойнына алтын жал тағылыпты, оның ұштары жолбарыс бастарының бұдырлы бейнелерімен сүйірленіп бітеді.

Үстіндегі қызыл түсті келте былғары шекпенге тұтастай алтын бастырмалар тігілген, ал өңірі, етегі және жағасы жолбарыс басының бейнесіндегі ірі төртбұрышты бастырмалармен әшекейленген. Шекпеннің алтын әлеміштері 300-ге жуық. Шалбарының тігістерін бойлай тік бұрышты ұсақ бастырмалар қондырылған, ал шалбары ұзын былғары саптама етіктің қонышының ішіне салынған. Етігінің әшекейі де алтын бастырмалардан тұрады. Шекпенінің сыртынан беліне бұдырлы алтын бастырмалармен әшекейленген былғары белдік буынып, оған қынына салынған қанжар мен алтын бастырмалы ұзын қылыш ілінген.

Есік қорым-обасы б. д. д. IV ғасырдың соңы – III ғасырға жатады.

Зергерлік бұйымдардың аса мол қоры жинақталған Жалаулы қазынасы да кеңінен белгілі болып отыр. Қазына-көмбе Алматы облысы Кеген ауданындағы өзі табылған шағын ауылдың атымен аталады. Б. д. д. VI–IV ғасырлар кезеңінің мүлкі саналатын 200-ден астам бұйымдардың ішінде әдемі белдіктің бөліктері, киім мен бас киім әшекейлері, сондай-ақ пектораль – өңіржиек көркемдігімен ерекше көз тартады. Киімнің маңызды элементі әрі таққан адамның қоғамдағы бедел-құрметі мен орнының өзіндік белгісі болып табылатын әшекейлі белдік бастырмалары да өте сәнді.



Талхир қалашығы. Су құбыры

Қазына ішінде текені боршалап жеп жатқан барыс, сондай-ақ шоқырақтап шауып келе жатқан таутеке бейнеленген қалып-бастырмалар да бар. Бір кездегі киім мен бас киімдер әшекейлері – сүйір пішінді алтын салпыншақтар да көптеп саналады.

Қарғалы қазынасынан табылған алтын бұйымдар көне үйсіндердің зергерлік өнерін айқын сипаттайды. Алматыға таяу жердегі Қарғалы шатқалынан кез болған олжалардың ішінде тәті (тәж), қос өркешті түйенің, он шақты таутекенің мүсіншесімен безендірілген екі жүзік, адамның денесін кеміріп жеп жатқан тышқан бейнесіндегі сырға, көптеген бастырмалар бар. Бұйымдардың барлығы алтыннан соғылып, көгілдір ақықтан бағдар қондырылған. Қарғалы қазынасының мерзімі б. д. д. II ғасырмен анықталады.

Ғұндар заманындағы Ақтас қорымынан табылған жарты ай пішіндес шекеліктер аса әсем-ақ. Оларға түсті қызыл тастан көз қондырылып, бұдырлы нақышпен мәнерленген.

Жетісудың көркем қолалары – шырағдандар, қазандар, құрбандық үстелшелері б. д. д. I мыңжылдықтың екінші жартысы мен б. д. I ғасырларда жасалған бұйымдарға жатады. Бұл ғажайып заттар көбінесе қанатты барыс пен жолбарыстардың, қодас пен өркешті бұқалардың, түйе мен аттардың, таутеке мен арқарлардың, қасқыр мен құстардың, сондай-ақ қару-жарақ асынған жауынгерлердің мүсіндерімен әшекейленген. Адам мүсіндері түрлі тұрпатта сомдалады: олардың бірі садақ тартқан салт атты мергендер болса, екіншілері ат үстінде отырған кісі кейпінде келеді. Әдетте мүсіндермен құрбандық үстелшелерінің ернеуі мен бұрыштары, күл салғыштардың шеттері әшекейленген, кейде олар шырағданның, сондай-ақ қазандардың тұтқасы мен аяқтарының міндетін атқарған.

Археологтар бұл бұйымдардың күнтізбелік циклдерге – Жаңа жыл, мал төлдету, егістікке алғаш түрен салу, астық жинау тәрізді мерекелер өткізілетін қасиетті орындар – храмдарға байланысты екенін атап көрсетеді. Осындай киелі орындардың бірі Алматының оңтүстік аумағынан, Үлкен Алматы өзенінің жағалауынан табылып, зерттелді. Бұл жерден көлемі 130 шаршы метр, жер астына 0,4 метр тереңдікте үңгі қазылған дөңгелек алаң аршып алынды. Бұл арадан балшықтан жасалған тұғырлы алтарь, ошақтың орны, құрбандыққа шалынған ірі және ұсақ қара мал сүйектері, құйма қалып, мәнерлі жапсырма керамиканың табылуы оның храмның орны болғанын көрсетеді. Осы жерден салт атты мергеннің мүсінімен әшекейленген шырағдан және қазандар да табылды.

Сол кездегі түсінік бойынша, сақ және үйсін тайпалары кие тұтқан орындардағы ғұрыптық заттар, соның ішінде от сәулесімен жарық беретін шырағдандар таудың ұшар бастарында өмір сүріп, адамдарды жоғары дүниемен жалғастыратын билеуші құдайлар арасындағы өзіндік ғарыштық байланыс арналары іспеттес еді. Жетісудың көркем де келісті табиғаты, ұшар басын күн сүйген ақ басты таулары Ғаламды алып тау кейпінде ұғынып, қабылдаған мифологиялық дәстүрлердің

туып, қалыптасуына түрткі болған. Жетісудағы сақ және үйсін дәуірлерінің көркем туындылары арасында петроглифтерді – жартастағы суреттерді бөліп айтқан лазым.

Орта ғасырлар дәуірі. Орта ғасырлар кезеңінде Жетісу біртіндеп көне түркі мемлекеттері – Батыс Түркі, Түргеш, Қарлұқ және Қарахандықтар қағанаттарының, кейіннен Шағатай мен Қазақ хандығының құрамына кіреді. Осы мерзімде, яғни VIII–IX ғасырларда елді мекендер мен қалалар ірге көтеріп, дами бастайды. X–XII ғасырларда қалалар гүлденіп, шарықтау шегіне жетеді. Қала мәдениетінің дәуірлеп, өрлеуіне халықаралық сауданың әсері мол болды. Ұлы Жібек жолы, нақтырақ айтқанда, Іле алқабы арқылы өтетін оның бір тармағының бойында X–XII ғасырларда сауда-саттық аса қызды. Осы кезеңде Жетісуда, өзен жағалауындағы тау бөктерлерінде ондаған ірі қалалар мен шағын қалашықтар, қоныстар пайда болады. Олардың атаулары орта ғасырлардағы географтардың сауда жолдарын сипаттап жазған жолсапар күнделіктерінде, тарихи шығармаларда сақталып қалды. Бұл ретте Алматы, Талхир, Екіөгіз, Қаялық, Лабан, Ілебалық қалаларын атап айтуға болады.



Қаялық қалашығы.
Монша

Археологиялық ескерткіш ретіндегі сол кездегі қалалардың орнын қазу жұмыстары орта ғасырларда Алматының қандай болғанына, қорған қабырғалары мен бекініс дуалдарына, оның құрылыстары – ақсүйек байлар мен қолөнершілер тұрған үйлерге, көшелеріне көз жіберіп, елестетуге, қалалықтардың өмірі, олардың күнделікті тұрмысы мен қам-қарекетін біліп, жақын және алыс жерлердегі сауда байланыстарын, «киімдерінің қыртыс-қыртыстарында шалғайдағы шет ел гүлдерінің хош иісі сақталған» көпестердің іс-қимылдарын шолып, бақылауға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі қалаға қарағандай Көктөбенің басынан көз салсақ, орта ғасырлардағы Алматы көрінісі қандай еді?

Жайқалған алма бақтары мен қарағаш тоғайларының арасында, тау етегіндегі шалқар кеңістікте, өзен жағалауынан қала бекінісінің қабырғалары қадау-қадау көзге шалынатын. Олар бас қаланы солтүстік далалық аймақ жақтан қымтай қоршаған қалашықтар, қоныстар мен бекіністердің орталығында орналасты, оңтүстікте табиғи қорған ретінде көкке шаншыла тау сілемдері тұрды, ал шатқалдардың қуыс-қуысына сом қабырғалар мен бақылау мұнаралары тұрғызылды. Әскери құрылыстарды орналастырудың мұндай жүйесі Талхирға да, сондай-ақ Есік, Шелек, Қаскелең, Шамалған және Ұзынағаш жақтағы қалаларға да тән болды. Қастек шатқалынан Қаскелеңге кіре берісте Урунг-Ардж қала-бекінісі тұрды, ол кезде қала да солай аталатын. Осы бекініс арқылы керуендер Шу алқабынан асып, Навакет, Суяб, Баласағұн, Аспара, Құлан, одан әрі Тараз бен Испиджабқа жол тартты. Бұл арада керуен жолы тармақтала бөлініп, бір бағыты Иран, Индия, Сирия, екіншісі Отырар мен Арал жағалауы арқылы Европаға бет алды.

Алматы өзендері аңғарындағы ең ірі қала Кіші Алматы өзенінің бір жақ қолтығын жағалай, қазіргі Әскери институт (бұрынғы Шекара училищесі) маңында орналасты. Қаланың орталық бөлігін жан-жағынан бекініс қабырғалары қоршап тұрды. Олардың бұрыш-бұрышында мұнаралар бой көтерді. Қабырғалар мен мұнаралар балшықтан немесе шикі кірпіштен, ал іргетасы тастан қаланды. Қабырғаларында қалқан жақтау мен мылтық ататын алаңдар болды. Сол кездің өзінде қалаларды

көріктендіру жұмыстарының жоғары дәрежеде болғаны таң қалдырады. Мәселен, Талхир мен Қаялықты қазған кезде балшықтан жасалған су құбырлары жүйесі табылды. Мұндай көне су құбырлары Алматы аумағынан да ұшырасты. Қала көшелеріне тас төселіп, үйлерде жерді үңгірлей қазылған көң-қоқыс төгетін шұңқыр түріндегі жергілікті канализация жүйесі болған. XIII ғасырдағы мұндай монша орны ортағасырлық Қаялық қаласынан табылды.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, әрбір қабырғаның кіре беріс есігі қала орталығына алып барады. Олар орталықта түйісетін көшелермен жалғасқан. Қала аудандарының бірінде билеушінің сарайы, ақсүйектер үйі орналасса, ал қалған бөліктерінде қолөнершілер мен саудагерлер тұрған. Үйлер өте тығыз, бір-біріне жапсарлас салынғандықтан, аулаларға орын қалмаған. Оның орнына дуал сыртында, қолөнерімен, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысатын адамдар қоныстанған жерлерде үлкен ауласы, малға арналған қора-қопсысы бар үлкен усадьбалар орын тепкен. Аулаларда жаздың ми қайнатар ыстығында демалуға қолайлы киіз үйлер тігілді.

Усадьбадағы үйлер көп бөлмелі болды, олардың бірі тұрғын жай, ал басқалары азық-түлік сақтауға арналды. Тұрғын жайларда үй жылытатын, нан және тамақ пісіретін тандырлар салынды. Қоймалар мен көмбелерде бидай мен тары сақталды. Бір қызығы, қоймадағы астық мөлшері бір отбасының тұтынуына қажетті мөлшерден асып түсіп жатты.

Қалалықтар астықты базарға келген дала адамдарына сату үшін ұстап, сақтағаны белгілі. Олар қалаға нан, сонымен қатар мата, үй тұрмысына қажетті заттар, әшекей бұйымдар алу үшін қатынап тұратын. Қала қолөнершілері мен зергерлері асқан шеберлікпен жасаған қола және күміс білезік пен жүзіктер, алқа мен түсті тастан көз орнатылған сырғалар, мыс және керамика ыдыстар, ат әбзелдері, шыны, т. б. бұйымдар қызу саудаға түсті. Төңіректе қоныстанған селолардың, әсіресе далалық жердегі тұрғындар көбіне қару-жарақ түрлерін, соның ішінде жергілікті ұсталар соққан болат қылыш, қалқан жабдықтарын, темір ұшты оқ толтырылған қорамсақ, найза мен қанжарларды сатып алды.

Шет жерлерден, Қытайдан Орталық Азия, Персия, Византияға, сондай-ақ Батыстан Шығысқа – Моңғолия, Қытай, Сібір, Ертіс бойындағы қимақтарға, Енисейдегі қырғыздарға жол тартқан керуендердің келіп, қалада аялдауы тұрғындар үшін үлкен оқиғаға айналды. Адамның алпыс екі тамырына қан жүгіртіп, өн бойына күш-қуат дарытқан бірыңғай жүйе іспетті Ұлы Жібек жолы Евразия төсіндегі мемлекеттер мен халықтардың арасын жалғастырып жатты. Бұл жол арқылы қытай жібегі, фарфор мен аса бағалы иран кілемдері, зүбәржат тастар мен үнді елінде піл сүйегінен жасалған заттар, Сирия шынысы мен Самарқанд керамикасы дүниенің түкпір-түкпіріне тарады. Сондай-ақ сауда жолымен атақты Ферғана аттары, араб және түрікмен сәйгүліктері, піл мен мүйізтұмсықтар, жолбарыс пен қабыландар, қаршыға мен қырандар, тоты мен түйеқұстар тасымалданды. Жүзім мен алхоры, қауын мен құрма, түрлі тәттілер мен қант, көкөністер мен жеміс-жидектер, дәрі-дәрмек пен хош иісті шөптер артқан керуендер де Жібек жолының бойымен ағылып жатты.

Жетісу өлкесіндегі қалаларды қазу арқылы археологтар шетелден әкелінген тауарлардың бай коллекциясын тауып, жинақтады. Олардың ішінде Самарқанд керамикасы, құдайлар және айдаһарлардың бейнесімен өрнектелген жапон табағы, бағасы алтынмен парапар жасыл фарфор – селадоннан жасалған қытай ыдыстары, сфинкстердің қырлы бейнелері және сирень гүлінің өрнектерімен әшекейленген иран тостақтары, піл сүйегінен ойылған шахмат мүсіндері, Сирия шынысы бар.

Қала базарларында сауда-саттық қызу жүріп жатты: түрлі елдер мен қалалардан әкелінген ақшамен қатар, жергілікті теңге сарайында, мәселен, Алматыда соғылған теңгелер де айналысқа түсті.

Ұлы Жібек жолы бойымен сәулет, музыка, би өнерлері тарап, тамырын кеңге жайды.

Бұл жолдың бойымен діни идеялар мен діндер де тарады. Индия мен Қытайда өркендеген буддизм, Византия мен Сириядағы христиан діндері осы жолдың арқасында Жетісу жеріне аяқ басты. Ал X ғасырда Жетісудың бір пұшпағын жайлаған Қарахандықтар мемлекетінде ислам мемлекеттік дін ретінде орнықты. Көне қалалар орнын қазған кезде сан түрлі ғұрыптар мен дін белгілерінің – будда құдайларының мүсіндері, христиандардың мойынға тағатын кресі, Құран өсиеттері жазылған бойтұмарлар, араб жазуымен өрнектелген ыдыстардың табылып жатуының себебін осыдан іздеген жөн.

Жетісу қалаларында түрлі діндерді ұстанған сан ұлттың өкілдері: түркі-қарлұқтар, жықылар, ягма, қыпшақ, парсы және соғдылықтар өмір сүрді. Мәселен, Қаялық қаласын қазғанда археологтар будда храмы мен мешітінің қалдықтарын, «христиан қонысының» жұртын тапты. Аталған қалада 1253 жылы француз королі Людовик IV-тің аманатын арқалап моңғол ханы Мөңкеге жол шеккен Гильом Рубрук болған, осындағы шіркеуге бас сұғып, шоқыну рәсімін жасаған.

Алматы мен басқа да қалалардың тұрғындары көршілес елдер мен халықтардың мәдениетімен, ғылыми жетістіктерімен таныс болған. Шығыста болат қорыта білетін қалалар саусақпен санарлықтай ғана еді, солардың қатарында Талғар да бар, ондағы темірден түйін түйетін ұсталар ғажайып бұйымдар жасауымен аты шыққан.

Жергілікті мысшылар, зергерлер мен шекімешілер балшықтан, мыс пен қоладан, күміс пен түрлі түсті асыл тастардан заттар жасау технологиясын шебер меңгерді. Қала халқы жазу-сызу да білген, мұны көне түркі руникасы, араб, қытай жазуларымен нақышталған бұйымдар айғақтайды.

Халықтың ислам дінін қабылдауы араб тілі мен жазуының тарап, өркен жаюына мұрындық болды. Қазба жұмыстары кезінде табылған керамика бұйымдардағы араб жазуларында оны жасаған шеберлердің немесе арнайы тапсырыс берген адамдардың аты-жөндері көрсетілген. Бұл жәйт те қалалықтар арасында сауаттылықтың кеңінен тарағанын растайды.

Осы айтылғандардың бәрі Жетісу өлкесінде қалалық өмірдің деңгейі жоғары болғандығының бұлтартпас дәлелі саналады. Ал Алматы, Талғар, Қаялық, Ілеғбалық қалалары Евразия кеңістігіне де кеңінен мәлім болған, олар туралы Махмұт Қашқари, Гильом Рубрук, әл-Идриси және Чань-Чунь тәрізді ғалымдар мен саяхатшылар қалам тартқан.

Жетісу қалаларын, соның ішінде Алматыны қазған кезде керамика, мыс, қола және күміс бұйымдардың, тастан жасалған әлеміш заттардың мол қоры жиналды. Бұлардың арасында жаппай тұтыныстағы заттармен қатар көркемдік талғамы аса жоғары айтулы шеберлердің қолынан туған бірегей бұйымдар да кездеседі. Олар шын мәнінде таң қалдырып, таңдай қаққызады.

Осы альбомда ұсынылып отырған алтын мен күміс әшекейлер, қола қазандар, түрлі түсті тастардан жасалған заттар үлгілері Алматы мен Жетісу өңірі қолөнер кәсібінің теңдессіз туындылары болып табылады.

Бұлар біздің ата-бабаларымыздың сонау көне замандардағы тыныс-тіршілігінің куәгері әрі дүниежүзілік мәдени мұраның маңызды құрамдас бөлігі екені күмәнсіз.

Карл Байпақов,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы;
Тамара Савельева,
тарих ғылымдарының докторы

Древняя история Алматы и Жетысу

О возрасте города. Алматы, как и все города, многолик и многогранен, исторически многослоен. Это своеобразный аккумулятор истории, свидетель и участник многих выдающихся событий. Переживая эпохи и государства, город рос и расцветал, приходил в упадок и вновь возрождался, находился в постоянном процессе обновления.

Ранняя история Алматы, его месторасположение, возникновение и этапы жизни вызывают неподдельный интерес. Догородской период региона Жетысу – Семиречья связывается с эпохой древних тюрков. В это время здесь возникают многочисленные поселения, жители которых занимались ремеслом, земледелием и скотоводством.

Все это создало базу для расцвета городской жизни в X–XII вв., в эпоху Караханидского государства, которая характеризуется в Жетысу количественным ростом городов, расширением их территории, бурным развитием ремесла и торговли, в том числе и международной по Великому Шелковому пути. Международная торговля стимулировала развитие городской жизни, экономики, денежного обращения, коммуникаций, по которым распространяются элитные товары, культурные эталоны и мировые религии. Семиречье становится одним из процветающих районов средневекового Востока.

Письменные источники сообщают о нескольких крупных городах Семиречья, таких, как Тальхир, Икиогуз, Лабан, Каялык, Иланбалык. Среди них был и город Алматы.

В сочинении государственного деятеля первой половины XVI в., писателя и поэта Бабура есть такие сведения: «Фергана – область в пятом климате, находится на границе возделанных земель; на востоке от нее – Кашгар, на западе – Самарканд, на юге горы Бадахшанской границы. На севере... раньше были города, подобные Алмалыку, Алмату и Янги, название которого пишут в книге Таразкент, но они разрушены монголами, и там совсем не осталось населенных мест».

О городе Алматы пишет современник Бабура Дулати, автор сочинения «Тарих-и Рашиди», называя город Алматы «одним из известнейших мест Могулистана».

И, наконец, неоспоримые данные о жизни города Алматы получены из нумизматических источников. В 1979 г. на территории бывшего Пограничного училища были найдены две монеты. Остатки надписей на обеих монетах оказались неразборчивыми. Внимание привлекло изображение никогда ранее не встречавшейся тамги. На основании этой находки российским востоковедом и нумизматом из Института востоковедения РАН В.Н. Настичем было высказано предположение о местном, семиреченском происхождении этих монет и возможном существовании монетного двора в XIII в. на территории современной Алматы. В 1990 г. были найдены еще две монеты с теми же тамгами. В круговой легенде одной из монет ясно различаются название монетного двора и



Сакские курганы

цифры в дате: «Чеканен этот дирхем в городе (балад) Алматы в году 1271/72...» Слово Алматы выбито без точек и огласовок, но его графика в целом, вкупе со всем вышеизложенным, позволяет уверенно читать его как «Алматы» и видеть в нем наименование города, в XIII в. располагавшегося на месте современной Алматы и уже тогда носившего имя – Алматы.

Важный этап обживания территории Алматы связан с эпохой средних веков, когда здесь формируются поселения и города. Об остатках средневекового города на окраине Верного писал в 1894 г. известный российский ученый-востоковед В.В. Бартольд. На поверхности городища тогда еще сохранялись остатки построек из жженого кирпича. В отчетах краеведов первой половины XX в. В.Д. Городецкого, Б.Н. Дублицкого сохранились описания средневековых городищ на территории большой Алматы – в районе поселка Горный Гигант, на р. Весновка, вблизи санатория «Турксиб». Исследования археологов в 60–90-х гг. выявили на юге города средневековое поселение Теренкора на правом берегу р. Весновка и по дороге на Ремизовку. На территории Ботанического сада был случайно обнаружен клад керамики X–XII вв.

Однако наибольший интерес представляли остатки городища, расположенного на месте, где сейчас находится Военный институт (бывшее Пограничное училище).

Именно здесь при строительных работах находили глиняную посуду, изделия из бронзы и железа, в 1980 г. были обнаружены остатки средневековой кузнечной мастерской, а в ней крицы – заготовки железа, набор топоров, а также тигли и остатки кузнечного горна. Мастерская датируется X–XI вв., и именно с этим городищем связаны находки монет, чеканенных на монетном дворе Алматы.

Все это безусловное свидетельство того, что здесь уже в X–XI вв. находился город, который, видимо, назывался Алматы, как позднее было зафиксировано в надписях на найденных здесь монетах.

Алматы в X–XI вв. становится центром политической, экономической и культурной жизни Караханидского, а затем Джагатаидского государств, городом, игравшим важную роль в международной торговле по Великому Шелковому пути.

Следовательно, опираясь на данные письменных источников, находки монет и археологические материалы, можно заключить, что город Алматы сформировался в живописных, богатых водой предгорьях Заилийского Алатау уже в X–XI вв. и история его насчитывает не менее 1000 лет.



Раскопки Тузусая

Рассуждая о возрасте Алматы и определяя его в тысячу лет, а не более, следует подчеркнуть, что имеется в виду не время обживания человеком района Алматы в эпоху бронзы и раннего железа (не 3000, не 2500, не 2000 лет), а время сложения здесь населенного пункта, имеющего все признаки города – т.е. места концентрации населения, центра производственного и интеллектуального потенциала. Письменные источники сообщают и о потере городом его статуса политического центра, и о его запустении во второй половине XIV – конце XV в.

Материалы археологии также доказывают, что упадок городов в Жетысу приходится на конец XIV в. – в это время деградируют города Тальхир, Каялык, Икиогуз.

Причин, которые привели к упадку урбанизации, было несколько: ослабление экономических связей Илийской долины с соседними районами вследствие монгольского нашествия; междуусобицы в государстве Джагатаидов; резкое сокращение международной торговли по Великому Шелковому пути.

Однако оседлая жизнь в регионе никогда не прекращалась. Сельские поселения, зимовки полукочевого населения продолжали существовать и играть важную роль в жизни казахов. Так, ссыльный поляк А. Янушкевич, посетивший в 1846 г. Приджунгарье, пишет, что в долинах Чинжалы, Егинсу и других казахское население «возделывает поля при помощи каналов и ирригации, сеет на них просо».

К середине XIX в. вся предгорная полоса Заилийского Алатау была занята оседлыми казахами-земледельцами. По свидетельству Ч.Ч. Валиханова, в районе Тургеня, Иссыка и Талгара до Верного «все пространство, по которому мы ехали, и до подошвы гор были аулы... около Талгара по долине много курганов, насыпей и казахских пашен... я ночевал у казахов-земледельцев». Русские переселенцы заимствовали у местного казахского населения приемы искусственного орошения и систему землепользования.

Интересна история основания Верненской крепости. 2 июля 1853 г. отряд майора Перемышльского выступил из Копальского укрепления. Обследовав северные предгорья Алатау и Талгара, Перемышльский сообщил генерал-губернатору Западной Сибири Гасфорду: «Осмотрев первые и вторые Алматы и долину между ними, мы нашли их по удобству добывания леса, большому количеству прекрасной, изрезанной арыками хлебопахотной земли, пажитей и сенокосных мест далеко превосходящими урочища на Иссыке и Талгаре, почему предложили Алматы местом будущего поселения...»

Весной 1854 г. российские военные приступили к сооружению укрепления, названного Верным, фактически на средневековых поселениях и городищах, одним из которых был Алматы. Местное население называло место, где было заложено укрепление, «крепостью Алматы».

4 февраля 1854 г. на докладе Инженерного департамента Николай I написал: «Согласен укрепление назвать Верным». Эту дату общепринято считать началом новой истории города Верного – Алма-Аты – Алматы.

Безусловно, изыскания в области изучения Алматы следует активно продолжать и в дальнейшем. Научные выводы необходимо подкреплять новыми фактами, чтобы решить все малоизученные проблемы тысячелетней истории средневекового города Алматы, города Верного – Алма-Аты – Алматы, которому в 2004 году исполнилось 150 лет.

Эпоха древности: сокровища «андроновцев», саков и усуней. В эпоху бронзы на территории Алматы и ее окрестностей, как и всего Семиречья, появляются поселения и могильники «андроновской культуры», относящейся ко II – началу I тысячелетия до н.э. Жители поселений занимались земледелием и скотоводством, ремеслом – изготавливали керамику, украшенную орнаментом, топоры, жатвенные ножи из бронзы, поделки из камня. На плоских, покрытых «пустынным загаром» поверхностях скал древние художники выбивали и вырезали колесницы, солнцеголовых богов, культовые хороводы и пляски...

В эпоху саков район Алматы и Жетысу стал местом обитания сакских, а позднее усуньских племен. Археологические исследования выявили здесь десятки поселений саков и усуней. Одно из них – Тузусай – расположено рядом с поселком Алатау и датируется VII в. до н.э. Это были не временные стоянки кочевников, а стационарные поселения, состоящие из углубленных в землю жилищ с очагами. В домостроительстве использовались комки сырой глины – предшественники будущих сырцовых кирпичей. Дома отапливались открытыми очагами, жители изготавливали раз-

нообразную глиняную посуду, обжигая ее в керамических печах. Жители Тузусая выращивали ячмень, просо и несколько сортов пшеницы. Один из сортов пшеницы мог культивироваться лишь с помощью орошения, что доказывает наличие искусственной ирригации – первых каналов – арыков для полива полей.

Таким образом, роль оседлости и земледелия у саков и усуней была более значимой, чем считалось раньше. И ясно, что будущие города, возникшие в Жетысу в эпоху средневековья, базировались на традициях, в том числе и земледельческих, более раннего времени.



Городище Тальхир. Мостовая

Прикладное искусство саков по месту первых находок, сначала в Северном Причерноморье (Скифии), а затем и в Сибири, получило условное название «скифо-сибирского звериного стиля». Определяющей его темой стали изображения зверей, животных, птиц и фантастических существ. В III–II вв. до н.э. искусство звериного стиля постепенно приходит в упадок и все больше превращается в орнамент. На смену ему приходит искусство «полихромного стиля» с техникой инкрустации цветным камнем, зернью и другими приемами украшения.

During excavations of Jetysu towns, including Almaty, the rich findings of ceramics, things of copper, bronze and silver, handmade articles of bone are collected. Together with mass handmade articles are the things of high artistic taste made by the real masters, the things rousing the feeling of admiration.

Among many unique articles of Almaty and Jetysu, shown in the album, are the bright works of artistic handicraft such as the decorations of gold and silver, bronze cauldrons, articles made of colored stones.

All these are the evidences of past life of our ancestors, whose art is the important part of the world cultural heritage.

Karl Baipakov,
Academician NAS RK,
Doctor of History sciences
Tamara Savelieva,
Doctor of History sciences



Мастан – Колага

ОТ КАМНЯ
К БРОНЗЕ

FROM THE STONE
TO THE BRONZE

Қола дәуірінде, Жетісудың таулы және далалық кеңістігіндегі сияқты, Алматы аумағы мен оның төңірегінде б. д. д. II–I мыңжылдықтың бастапқы кезеңіне телінетін «андронов мәдениетінің» қоныстары мен қорым-обалары пайда болды. Ол жергілікті жерде «тянь-шань» және «көлсай мәдениеті» деп аталды. Қыстақ-қоныстардың тұрғындары диқаншылықпен, мал шаруашылығымен, қолөнер кәсібімен шұғылданды, ою-өрнекпен әшекейленген керамика бұйымдар, балталар, астық оратын қола орақ, тастан түрлі әлеміш заттар жасаумен айналысты. Алтыннан соғылған, көркемдік деңгейі жоғары алғашқы зергерлік заттар да осы кезеңге жатады.



В эпоху бронзы на территории Алматы и ее окрестностей, как и на горных и степных пространствах Семиречья, появляются поселения и могильники «андроновской культуры», относящейся ко II – началу I тысячелетия до н.э. Местные варианты ее получили название «тянь-шаньская» и «кульсайская». Жители поселений занимались земледелием и скотоводством, ремеслом, изготавливали керамику, украшенную орнаментом, топоры, жатвенные ножи из бронзы, поделки из камня. К этому периоду относятся и первые ювелирные изделия из золота, сделанные на высоком художественном уровне.

The settlement and burial ground of «Andronov culture» which are referred to the 2–1 Millennium BC appeared on the territory of Almaty and its surroundings as well as on the mounds and steppe spaces of Semirechie in the epoch of bronze. Its local variants got the name «Tian-shanskaya» and «Kulsaiskaya». Inhabitants of settlements were deialing in agriculture and cattle breeding, handicraft, made ceramics, decorated with ornamentation – axes reaping knives of bronze, stone items. The first jewelry items of gold were made on high artistic level are referred to this period.



Көркемдігімен көз тартатын мына сырғалар ерекше пішінде соғылған. Олардың ішкі бетінде құланға ұқсайтын, тұрқы аласа дала жылқысының екі мүсіншесі орнатылған. Қапал селосының маңындағы (Жетісу) Мыңшұңқыр обасынан табылған бұл сырғалар қола дәуірінің кейінгі кезеңіне (б. д. д. XII–X ғғ.) жатады

Великолепные серьги, отлитые в форме. Внутри расположены две фигурки коней степной низкорослой породы, похожих на куланов. Найденные в могильнике Мыншункур вблизи с. Капал (Жетысу) серьги относятся к позднему этапу бронзового века (XII–X вв. до н.э.)

These beautiful earrings are melted in a former. Two figures of steppe low height grade looking as kulans are situated inside them. Earrings found in burial ground Mynshunkur, near the village Kapal (Jetisu) are referred to the late stage of bronze epoch (XII–X cc BC)







Қола дәуірінде мыс пен қалайының, қорғасынның қоспасынан қола қорытылып шығарылды. Өте берік әрі созылмалы металдан қару-жарақ пен еңбек құралдары: найзаның ұштары, айбалталар, ағаш ұқсату мен топырақты өңдеуге арналған балта-шоттар, пішен шабатын қол шалғылар жасалды

Бронзовый век – время изобретения бронзы: сплава меди с оловом, свинцом. Из прекрасного прочного и вместе с тем ковкого металла изготавливали оружие и орудия труда: наконечники копий и боевые топоры-кельты, топоры-чоты для обработки дерева и почвы, ножи-секачи для заготовки сена

The Bronze epoch is a time of invention of bronze: alloy of copper with tin, lead. Out of this nice, durable and also malteable metal made weapons and labor implements, such as: heads of spears and military axes-kelts axes for wood and soil, knives-choppers for lying in of hay

Сұрғылт түсті тастан жасалып, жақсылап қырналып, өңделген тас келсаптар өте әсемдігімен ерекшеленеді. Олар ем-домдық дәрі-дәрмекті келіде түйіп, ұсақтау үшін қолданылған. Бұл шамандық емдеу тәсілінде еліктіргіш әсер тудырып, адамды ерекше күйге бөлейтін дәрі-дәрмек түрлері болуы ықтимал. Тастан бидай тартатын қол диірмендер жасалған

Удивительным изяществом отличаются пе-сты – они сделаны из камня серого цвета и прекрасно отшлифованы. Служили песты для растирания в ступах каких-то снадобий, возможно, вызывающих возбуждающий эф-фект, столь необходимый в шаманских кам-ланиях. Из камня делали зернотерки, на ко-торых мололи зерно в муку

The stone stamps are distinguished by their elegance, they are made of grey color stone and polished nicely. They served for gliding of some drug, probably which could provoke the stimulating effect, which is so necessary for shaman prayings. Stone was also used for making grain graters to great grain into flour









Қола дәуірінде көзешілер, әдетте олар әйелдер болып келетін, саз балшықтан отқа күйдіріп құмыралар жасады. Керамика бұйымдар көне замандардың өзінде-ақ ою-өрнектермен безендірілген, оларды шикі балшықтың бетіне сызып түсірген немесе арнайы ирек тісті қалыппен бедерін басып шығарған

В эпоху бронзы гончары, а ими были, как правило, женщины, лепили сосуды из глины и обжигали их на кострах. Керамика уже в древности украшалась узорами, их прочерчивали по еще сырой глине либо оттискивали специальным гребенчатым штампом

In the epoch of bronze the potters, as the rule – women, made vessels of clay and burnt them on bon fires. In ancient times ceramics was also decorated with ornamentation by the way of drawing on raw clay, or stamped with comb shaped ornamentation



Керамиканың сынығы мен қалып-мөр – Көктөбе баурайындағы қоныстардан табылған қола дәуіріндегі олжалардың бірі

Кусочек керамики и штамп – находка с поселения эпохи бронзы на склонах Коктобе

Piece of ceramics and stamp is a finding from the settlement of bronze epoch on the slopes of Koktobe

Тас және қола дәуірлерінде өнер түрлері, соның ішінде петроглифтер, яғни жартасқа сурет салу өнері дами бастады. Жартастың теп-тегіс жазық бетіне суретшілер аңдардың, адамдардың бейнесін немесе белгілі бір сюжеттік желіге құрылған тұтастай композицияны шекімелеп түсірген. Жартастағы суреттер – нәзік те күрделі өнер, оның құпиясын түсініп, мән-мағынасын ашу үшін зерттеуші археология, тарих, геология, өнертану және мифология салаларынан хабардар болуы керек.

В эпоху камня и бронзы начинают развиваться искусства, в том числе искусство петроглифов – наскальных рисунков. На ровных плоских поверхностях скал художники выбивали изображения животных, людей или целые композиции, объединенные одним сюжетом. Интерпретация наскальных рисунков, их хронология – дело тонкое и сложное: исследователь их должен ориентироваться в археологии, истории, геологии, искусствоведении, мифологии...

In the epoch of stone and bronze the arts started to be developed, including the art of petroglyphs – roc pictures on the flat, plane surface of rocks. The artists stamped the pictures of animals, people or the whole composition united by one subject. It is interesting the interpretation of rock pictures – their chronology, what is the delicate and difficult deal, the research worker should have knowledge in archaeology, history, geology, study of art, mythology...






Күн басты адамдарды, қол ұстаса айнала жүріп би билегендерді бейнелеу Күнге табыну, жыл мезгілдерінің алмасуына байланысты Жаңа жылды – Наурызды қарсы алу ғұрпына орай туған

Изображения солнцеголовых людей, плясок-хороводов связаны с поклонением Солнцу, обрядами встречи Наурыза – Нового года, со сменой календарных циклов

The pictures of sunheaded men, dances, round-dances are connected with worship of sun, with the image of meeting of Nauryz – New Year, with the change of calendar cycles







Қазақстан, әсіресе Жетісу өңірі – петроглифтерге бай аймақтардың бірі. Солардың ішінде жартастағы жазу дәстүрлі көркем стилінің негізін қалаған Тамғалы тас жазулары ерекше танымал. Киелі Тамғалы шатқалы Алматыдан солтүстік-батыс тарапта орналасқан

Казахстан, и особенно Жетысу, – один из богатейших петроглифами регионов. Наиболее известно святилище Тамгалы северо-западнее Алматы, заложившее традиции художественного тамгалинского стиля

Kazakhstan and specially Jetisu is one of the richest regions with petroglyphs. The most famous is the sanctuary Tamgaly, to the northwest of Almaty, which laid the traditions of the artistic Tamgaly style



Жойқын күш иесі өгіздер күш-қуат пен құнарлылықтың бейнесі іспеттес

Прекрасные могучие быки олицетворяли силу и плодородие

The beautiful mighty bulls embodied the strength and fertility





Қолына шоқпар, аса таяқ ұстаған, жүгіріп бара жатқан немесе мінәжат етіп, сиынған қалпында қимылсыз отырған адам бейнелері – бұлардың бәрі мифология, космогониялық мифтер кейіпкерлері

Жоғарыдағы сол жақта – шоқпарлы адам немесе найзағай тәңірісі

Человеческие фигурки с палицами, жезлами, бегущие или застывшие в молитвенных позах, ряженые – все это персонажи мифологии, космогонических мифов

Вверху справа Палиценосец, или бог-громовержец

The figures of men with cudgels rods, running or stiffen in pray poses – all these are personages of mithology, cosmogonical myths

On the right top side: culdet gel holder or the God-Thunderer







Құдіретті жануарларды – өгіз, түз өгізі, ат, түйелерді бейнелеу көне халықтардың дүниетанымында маңызды рөл атқарған Митра, Веретрагна, Агни сияқты құдайлар образын кейіптеуден туған

Изображения могучих животных – быков, туров, лошадей, верблюдов – олицетворялись с богами Митрой, Веретрагной, Агни, игравшими важную роль в мировоззрении древних

The pictures of mighty animals – bulls, aurochs, horses, and camels are embodied with the Gods, such as Mitra, Veretragna, Agny, which play the important role in the ideology of ancient people



Сақтар мен Үйсіндердің алтыны мен қоласы

ЗОЛОТО И БРОНЗА САКОВ И УСУНЕЙ

THE GOLD AND THE BRONZE OF SAKAES AND USUNS

Алматы маңындағы Есік қорғанын қазу кезінде археологтар тапқан қазына ғылымдағы зор жаңалыққа айналды. Бұл сақ ақсүйектері жерленген қорым болатын. Бейіттің бүйір қапталындағы қабірде басынан аяғына дейін алтынмен апталған жас жігітің мүрдесі сақталған. Табылған алтын бұйымдарды қалпына келтіру жұмыстары үш жылға созылды. Нәтижесінде ханзаданың киімі, бас киімі мен аяқ киімінің теңдессіз үлгісі дүниеге келді. Киім-кешегі мен басындағы дулығасының әшекейлері тігілген күйінде қаз қалпында сақталуы арқасында бұлардың нақпа-нақ сол дәуірдің бұйымдары екендігіне анық көз жеткізілді. Қорым-оба б. д. д. IV ғасырға жатады.

Сенсацией стали сокровища, найденные археологами при раскопках кургана Иссык близ Алматы. Он входил в состав могильника, где хоронили сакскую знать. В боковой неразграбленной могиле сохранилось погребение – скелет юноши, сплошь покрытый золотыми изделиями. Восстановительная работа заняла три года. В итоге была создана уникальная модель реконструкции одежды, головного убора и обуви, украшенных копиями золотых предметов. Достоверность ее стала возможной благодаря тому, что все украшения костюма и головного убора лежали непотревоженными в том порядке, в котором они были когда-то нашиты. Датируется погребение IV в. до н.э.

The treasures found by archaeologists during the excavations of Issyk burial mound near Almaty has become a sensation. It was included into the content of burial, where the Sakae nobles had been buried. In the side unrobed grave, the burial has been remained – the skeleton of a plates young man covered by golden. The works on reconstruction have been continued three years. Finally the unique model of reconstruction of a costume, head dress and shoes decorated with the copies of golden items, was established. The authenticity of it has become possible thanks to the fact that all decorations of costume and head dress laid untouched in that order, in which they had been sewn. The burial is dated by the IV c. BC.





Есік қорғанындағы «Алтын адам». Қалпына келтірілген киімдері

«Золотой человек» из Иссыка. Реконструкция одежды

The Gold Man from Issyk. Reconstruction of clothes



«Алтын адамның» бас киімі

Головной убор (кулах) «Золотого человека»

Head dress (kulakh) of Gold Man

Есік қорғанынан табылған қанжар. Қанжардың сабы денесі арыстан, жолбарыс, барыс, басы бүркіт бейнесіндегі грифонға – екі басты ғайыби мақұлыққа ұқсатылып жасалған

Кинжал из кургана Иссык. На вершие кинжала сделано в виде двух голов грифонов – фантастических существ, имеющих тело льва, тигра, барса и голову орла-грифа

The dagger from the burial mound Issyk. The top part of dagger is made in a form of two heads of griffins – the fantastic creatures with a body of lion, tiger, snow leopard and the head of eagle – griffin







Жал – «Алтын адамның» мойнына тағылған әшекей

Гривна – украшение шеи «Золотого человека»

The necklace – decoration of Gold Man neck



«Алтын адамның» қанжары. Қынының әшекейі

Кинжал-акинак «Золотого человека». Украшение ножен

Dagger-akinak of Gold Man. Decoration of scabbard





Ғайыби мақұлық пен бұланның басы кейпіндегі әшекейлі белдік. Қалың таспа терінің ұзына бойындағы тесіктерге бастырмалардың ілмектері қондырылған. Ілмектердің көзінен екі ұзын қайыс өткізіліп, белге байланған

Наборный пояс с бляшками в виде фантастического существа и голов лося. Основу пояса составляла длинная лента из толстой кожи с отверстиями, в которые вставлялись петельки бляшек. Затем через эти петли продергивались два длинных кожаных ремешка, которые завязывались на талии

The composing belt with buckles in a form of fantastic creature and head of elk. The basis of belt is a long stripe of thick leather with holes for buckles' loops. Then two long leather small straps for tying on tail are passed through these loop

Күн сәулелі құдайдың басы бейнеленген жүзік-мөр

Перстень-печать с изображением головы божества в ореоле солнечных лучей

Seal-ring with a picture of idol in the halo of sunrays







Таутеке мүйізді қанатты аттар «Алтын адамның» өзіндік нышан-белгісі іспеттес. Бұл оның сүйір дулығасында бейнеленген композицияның орталық бөлігін құрайды. Қанатты аттар ханзаданы о дүниеге жеткізіп, тәңірімен қауыштыратын пырақтары болуы керек

Крылатые кони с козлиными рогами были своеобразной эмблемой «Золотого человека» и центральной частью композиции его головного убора-кулаха. Эти кони как бы возносили «Золотого человека» к богам

The winged horses with goat horns were the special emblem of «Gold man» and central part of composition of his head dress – kulakh. These horses raised the «Gold man» to the sky







Жоғарыдағы оң жақта – белдік бастырмалары

Вверху справа бляха – распределитель ремней

Above on the right side is a buckle-distributor of belts

Сол жақта – жерде жатқан бұғы кейпіндегі ғажайып әшекейлі бастырма. Ат құйрықты, теке сақалды, мүйіздері тарамдала біткен бұғының жонынан қанат орнына мифтік грифон бейнесі көзге шалынады. Бұл бастырмамен Есіктен табылған «Алтын адамның» белдігі безендірілген

Слева великолепная бляха-накладка на пояс в виде лежащего оленя. Мифический грифон, подобно крылу, вырастает из спины животного, у которого ветвистые рога оленя, хвост коня и борода козла. Бляха украшала пояс «Золотого человека» из Иссыка

On the left side is a delicate buckle-cover plate for belt in a form of laying deer. The mythical griffin like the wing is growing from the back of animal with branch-shaped horns of deer, fail of horse and beard of goat. The buckle decorated the belt of «Gold man» from Issyk

Сақтардың қолданбалы өнері «скифтік-сібірлік жануарлар стилі» атауымен танымал. Жануар, аң, құс, зооморфтық хайуанаттар, грифондарды бейнелеу – қола мен алтыннан жасалған бұйымдардың негізгі арқауы. Мифологиялық бейне-пішіндегі бұл өнер қолданбалы сипатқа ие болып, әлемдік мәдениет тарихындағы жарқын құбылысқа айналды.

Прикладное искусство саков получило название «скифо-сибирский звериный стиль». Изображение животных, зверей, птиц, фантастических существ – грифонов – определяющая тема изделий из бронзы и золота. Мифологическое по форме, это искусство носило декоративный характер и стало ярким явлением в истории мировой культуры.

The applied art of Sakaes got the name «Scythian – Siberian animal style». The pictures of animals, birds, fantastic creatures – griffins – is the basic theme of bronze and gold items. The mythical by its form, this art carried the decorative character and became the bright phenomenon in the history of world culture.






«Алтын адамның» бас киім әшекейіндегі аттар мүсіншелері

Кони, украшавшие головной убор «Золотого человека»

The horses which decorated the head dress of «Gold man»




Б. д. д. V–IV ғасырларда Евразияның ұлан-ғайыр даласында жануарлар стиліндегі өнер түр-пішіні тарапынан өзгеріске ұшырады. Жануарлардың орнықты, сымбатты кейіпте мүсінделген жеке-дара бейнелерін күрделі желіге құрылған, серпінді қимыл-қозғалысқа толы тұтас сюжеттер алмастырды. Қимыл-қозғалыстағы екпін мен шапшаңдылық мүсіндердің кейіп-түрпатын ширықтыра бұрау тәсілі арқылы бейнеленді, мұндай жағдайда аң денесінің бір бөлігі кері жаққа бұрылып тұрғандай әсер тудырады. Есік қорғаны

В V–IV вв. до н.э. в степях Евразии происходило стилистическое переоформление искусства «звериного стиля». На смену статичным образам одиночных животных приходили сюжеты, полные динамизма, отличающиеся сложным построением. Стремительность движения передается приемом «перекручивания» фигур, когда части туловища зверя оказываются развернутыми в противоположные стороны. Курган Иссык

In the V–VI cc. BC the stylistic reforming of animal style art was going on. On the change of static images of single animals appeared the subjects, full of dynamism which differs by a complicated construction. The swiftness of motion is shown by the method of «over winding» of figures, when the parts of animal's body appear as unfolded into the opposite sides. Burial mound Issyk







Есік қорғанындағы бейіт еденіне көзе шарығымен жасалған, бетіне қызыл ангоб жағылып, жылтыратылған керамика құмыралар мен тостақтар қойылған. Бұларға кезінде қымыз құйылған

В могиле Иссыкского кургана на полу стояли керамические кувшины и чаши, покрытые красным ангобом (красителем) и лощением. Они были сделаны на гончарном круге. Когда-то кувшины были наполнены кумысом

In the grave of Issyk burial mound on the floor laid the ceramic jugs and bowels covered with red angob (dyer) and polishing. They were made on potter's wheel. Sometime ago they were filled with Kumys

Алматы төңірегіндегі үйсіндердің қорымынан табылған қос тұтқалы құмыра. Б. д. д. III–I ғғ.

Внизу двуручный кувшин из погребения усуней III–I вв. до н.э. Найден вблизи Алматы


Below is two-handle jug from the burial of usuns III–I cc. BC. It is found near Almaty



Алматы облысының Кеген ауданындағы шағын ауылдың тұсынан кездейсоқ табылған Жалаулы қазынасында екі жүзден астам алтын заттар бар. Алтын бұйымдардың барлығы сақтар мекені орталықтарының бірі – Кеген алқабындағы патшалар жерленген қорғандардан алынды. Б. д. д. VI–IV ғасырларға жататын қазына толы қорған тоналып, талан-таражға да ұшыраған. Әйткенмен бізге жеткен олжалардың ішінде сәнді белдіктің бөліктері, киім-кешек пен бас киім әшекейлері, сондай-ақ пектораль – өңіржиек ерекше әсемдігімен көз тартады.

Жалаулинский клад, случайно найденный возле небольшого аула в Кегенском районе Алматинской области, включает более двухсот предметов из золота. Все золотые изделия были добыты из разграбленных царских курганов саков Кегенской долины – одного из центров их обитания. Датируется клад VI–IV вв. до н.э. Особым изяществом выделяются детали наборного пояса, украшения одежды и головного убора, а также пектораль – нагрудное украшение.

Zhalaulinsky buried treasure was found accidentally near a small village in Kegen region of Almaty oblast includes more than two hundred golden items. All golden items were found in the robbed tsar burial mounds of Sakaes of Kegen valley – one of the centres of their dwelling. The treasure is dated by the VI–IV cc. BC. The details of composing belt, decorations of clothes and head dress and also pectoral – breast decoration are distinguished by the special elegance.





Өңіржиек – шеті ширатылған алтынмен сымкәптеліп, көмкерілген кесек тілік темір. Оның бетіне төрт қатар бойына «аяғын бауырына бүккен» кейіптегі тау арқарларының кішкентай мүсіншелері дәнекерленген. Бұл – сақ өнеріне тән нақыш

Пектораль (нагрудное украшение) – массивная пластина, украшенная по краям бордюром из крученого золотого дрота – проволоки. На поверхность пектораль напаяны в 4 ряда миниатюрные фигурки горных баранов – архаров, выполненные в характерной для сакского искусства позе «с поджатыми ногами»

Pectoral (breast decoration) – massive plate decorated on the edges by a border of twisted golden wire. On the surface of pectoral are 4 lines of small figures of mountainous sheep's – rams, made in a pose «with crossed legs» what is characteristic feature of sakae art

Таутекенің басы бейнеленген бастырма мен аса әсем әшекейлі белдік бастырмалары бадам дәні түрінде соғылған. Бастырмалар белдікке қос-қостан дөңгелене бекітілген. Киімнің маңызды элементі болып табылатын мұндай бастырмалар, өңіржиек тәрізді, арқарлардың мүсіншелерімен безендіріліп, алтын түйіршіктерінен бедер жүргізілген. Көркем әшекейлі осындай белдіктерді қоғамда өзіндік орны бар, беделді, құрметті адамдар таққан

Бляшки с изображением головы козла и бляхи от наборного пояса, который являлся важным элементом костюма, своеобразным знаком достоинства и положения в обществе носящего его человека, сделаны в виде миндалин. Бляхи крепились к поясу попарно, образуя круг. Они украшены, как и пектораль, фигурками архаров и зернью – напаянными шариками золота

Buckles with pictures of goat's head and buckles of composing belt, which was the important element of costume, a specific sign of dignity and status of the owner in society, are made in a form of almonds. The buckles were attached to the belt in pairs, forming a circle. They are decorated as well as pectoral, by the figures of rams and granular – bronzed balls of gold





Сәндік заттарда жануарлардың мүсінін сомдау арқылы көне заман зергерлері өз дүниетанымын бейнелеген. Мәселен, бұғы – Күнді, оның тарамдала біткен алтын мүйіздері Әлемдік бәйтеректі мегзесе, арқарлардың кішкене мүсіншелері күш-қуаттың, денсаулықтың, қауіпсіздіктің тұспалы болып табылады

В фигурках животных древние художники отражали свое миропонимание: олень олицетворял Солнце, его золотые ветвистые рога – Мировое древо. Миниатюрные фигурки архаров являлись символом силы, здоровья, безопасности

The ancient artists expressed their understanding of world in the figures of animals: the deer personified the sun, his gold branchy horns – the World Tree. The miniature figures of rams were the symbol of strength, health, security



Екі алтын арқардың мүйіздері бірігіп өріле келе Ғаламның негізгі кіндігі саналатын Әлемдік бәйтеректің діңіне айналған. Кеңістіктен тұйықтала бөлектенген салтанатты композицияға шырқау биікке шарықтай көтерілген қыран қанатының қуатты екпіні жан бітіргендей. Жануарлардың денесіндегі саңылаулар орны көгілдір бояумен толтырылған тәрізді. Бұл – бас киімнің бір бөлігі

Два золотых оленя застыли в геральдической позе. Золотые рога сплелись в Мировое древо – основную ось Вселенной. Статичность, замкнутость композиции разрывает устремленный в высь сокол с распростертыми крыльями. Миндалевидные отверстия на телах животных были, видимо, заполнены голубой пастой. Деталь украшений головного убора

Two golden deer s are stiffened in a heraldic pose. The golden horns are twisted into the World Tree – the main axis of universe. The almond shaped holes on the bodies of animals were filled probably with blue color paste. The detail of head dress decorations





Салпыншақты сырғалар. Үйсін бұйымдары. Б. д. д. III–I ғғ.

Серьги с подвесками. Усуни, III–I вв. до н.э.

Earrings with pendants. The usuns, III–I cc. BC

Теңдік қорғанынан табылған киім әшекейлері. Сулық киген салт атты адам мен көктем нышаны – ұсақ бәйшешектер бейнеленген бастырмалар. Б. д. д. III–II ғғ.

Украшения одежды из кургана Тенлик. Бляхи с изображением всадника в развевающемся плаще и более мелкие с изображением тюльпанов, олицетворяющих весну. III–II вв. до н.э.

Decorations of clothes from the burial mound Tenlik. The buckles with picture of rider in flapping raincoat and smaller pictures of tulips, personifying the spring. III–II cc. BC







Теңдіктен табылған аса таяқ тәріздес зат. Төменде – Бетқайнар қорғанындағы қорымнан табылған жүзіктің алтын бастырмасы. Бастырма бетінде грек дулығасын киіп, қолына гүл ұстаған патша бейнеленген. Бетқайнар қорған-обасы. Б. д. д. II ғ.

Оң жақта – Алматыдағы тоналған қорғаннан табылған алтын әшекейлер. Б. д. д. III ғ.

Жезловидный предмет из Тенлика. Внизу золотая накладка шитка перстня с погрудным изображением царя в греческом шлеме и с цветком в руке. Курган некрополя Беткайнар. II в. до н.э.

Справа золотые украшения из разграбленного кургана в Алматы. III в. до н.э.

The rod-shaped item from Tenlik. Below is the golden cover plate of seal ring with the picture of tsar in a Greece helmet and with a flower in his hand. The burial mound of Betkainar necropolis. II c BC

On the right side is the golden decoration from the robbed burial mound in Almaty. III c. BC





Көне үйсіндердің зергерлік өнерін Алматыға таяу Қарғалы шатқалындағы қазынадан табылған алтын бұйымдар айқын сипаттайды. Олардың арасында қос өркешті түйе мүсіндерімен, он шақты таутеке мүсіндерімен безендірілген екі жүзік, адамның денесін кеміріп жеп жатқан тышқан бейнеленген сырға, сансыз көп бастырмалар бар. Бұйымдардың барлығы алтыннан қақталып, көгілдір ақықтан бағдар қондырылған. Қарғалы кешені б. д. д. II ғасыр кезеңіне жатады.

Ювелирное искусство древних усуней наиболее ярко характеризуют золотые изделия клада, обнаруженного в Каргалинском ущелье неподалеку от Алматы. Среди находок диадема (налобное украшение), два перстня со скульптурками двугорбых верблюдов, десять фигурок горных козлов, серьга с изображением мыши, грызущей человека, многочисленные бляшки. Все изделия выполнены из золота и инкрустированы бирюзой. Датируется Каргалинский комплекс изделий II в. до н.э.

The Jewelry art of ancient usuns is characterized the most brightly by the golden items of the treasure discovered in Kargalinsky canyon, not far from Almaty. Two seal-rings with small sculptures of two bactrian camels, ten small figures of mountain goats, ring with picture of mouse goats, ring with picture of mouse, gnawing a man, the numerous buckles are among the findings. All items are made of gold and are incrusted with turquoise. The Kargalinsky complex of items is dated by the II c. BC.





Түйе мүсіншелері орнатылып, көгілдір ақықтан бағдар қондырылған Қарғалы қазынасындағы жүзіктер. Соғыс пен найзағай тәңірі Веретрагна күш-қуат пен құдіреттіліктің үлгісі саналған түйе бейнесі арқылы кейіптеліп, кескінделген

Перстни с фигурками верблюдов из Каргалинского клада, инкрустированные бирюзой. Верблюд был воплощением силы и могущества. Так изображали бога войны и грозы Веретрагну

Seal-rings with the figures of camels from Kargalinsky treasure incrusted with turquoise. The camel was the embodiment of strength and power. Like this the god of war and thunder storm Veretragna was pictured

Қарғалы қазынасының мүлігін құрайтын тәті (әйелдердің тәж тәрізді бас киім әшекейі) – көне қолданбалы өнердің жарқын ескерткіші. Ондағы бейнелерде үйсіндердің діни танымтүсініктері мен мифологиясы көрініс тапқан. Ғалымдардың пікірінше, тәтіде Жаңа жыл – Наурызды тойлауға байланысты сюжеттер бейнеленген. Бұл гректердің күні өтіп, тоза бастаған және қайтадан жан бітіп, өніп-өркендеген табиғат тәңірі Дионистің құрметіне өткізілетін мерекесіне сәйкес келеді

Диадема (женское головное украшение в форме короны) из Каргалинского клада – яркий памятник прикладного искусства древности. В изображениях на ней нашли отражение религиозные представления и мифология усуней. По мнению ученых, ее сюжет связан с празднествами Наурыза – Нового года, который соотносится с греческим праздником в честь Диониса – божества умирающей и воскресающей природы

The diadem (female head decoration in a form of crown) from Kargalinsky treasure is the bright monument of applied art of ancient times. The religious imaginations and mythology of usuns are expressed in the pictures on it. By the point of view of scientists, its subject is connected with the festivals of Nauryz – New Year, which is correlated with the Greece holiday in honor of Dionis – idol of dying and reviving nature











Қарғалы қазынасы бұйымдарының бірі – адамды жалмап жеп жатқан тышқан бейнеленген сырға

Серьга из Каргалинского клада с изображением мыши, пожирающей человека

Ear-ring from Kargalinsky treasure with picture of mouse, gorging a man

Киім-кешек әшекейі – алтыннан қақталған таутеке мүсіншелері. Бұлар да Қарғалы қазынасынан

Золотые козлы украшали одежду. Они также из Каргалинского клада

The golden goats decorated the clothes They are also from Kargalinsky treasure



Ақтастан табылған, алтын мен түсті тастардан түрлі түсті мәнерде соғылған шекелік. Б. д. III–V ғғ.

Височные подвески из могильника Актас, сделанные в полихромном стиле – золото и цветные камни. III–V вв. н.э.

Temporal pendants from the burial Aktas are made in polychrome style: gold and colorful stones. III–V cc. AD



Сақтардың б. д. д. II ғасырдағы грек-бактрия үлгісінде жасалған тостақтары. Бұлар шетелден әкелінуі де мүмкін. Қордай асуындағы Бетқайнар қорымы

Сакские чаши II в. до н.э. из могильника Беткайнар, выполненные в «греко-бактрийском стиле», возможно, импортные. Перевал Курдай

Sakae bowls II c. BC from the burial Betkainar, made in «Grece-Bactrian style» are, probably, imported. The pass Kurdai

Жетісудың көркем қолалары» – киелі орындардан табылған шырағдан, қазандар мен құрбандық үстелдері тәрізді қола бұйымдар жиынтығы осылай аталады. Бұлардың ішінде құрбандыққа шалынған мал еттері асылатын қазандар маңызды орын алады. Қазіргі кезде Алматы қаласындағы мұражайларда осындай 20 шақты қазан жиналған. Қазан жарты шар үлгісінде құйылып, конус тәрізді тұғырға немесе үш аяққа бекітіледі. Аяқтары кейде жыртқыш аңдардың табандары не жануарлардың тұяқтары пішінінде сомдалады. Олардың бүгіліп, имектелген тұстары арқарлардың, айдаһар және құландардың мүсіншелерімен әшекейленеді.

«Семиреченские художественные бронзы» – такое название применимо к комплексам изделий из бронзы, куда входят светильники, котлы и жертвенные столы, найденные в кладах на местах святилищ. Важное по значению место занимали котлы, в которых варилось мясо жертвенных животных. В настоящее время в музеях Алматы собрано около 20 таких котлов. Они имеют полусферическое тулово, которое опирается на конусовидную подставку или на три ножки, оформленные иногда в виде лап хищников либо ног копытных животных. Часто места изгиба ножек украшены фигурками архаров, драконообразных существ и куланов.

The «Semirechensky artistic bronzes» – such name is useful for the complexes of bronze items, which include lamps, cauldrons and sacrificial tables found in the treasures in the places of sanctuaries. The important place by their meaning have the cauldron, for cooking of sacrificial animals. At present time the collection of cauldrons in the museums of Almaty amounts about 20 pieces. They have semispherical body which is put on coneshaped support or on three legs formed sometimes in a form of wild animals' claws or legs of hoof animals. The places of legs' bend are decorated very often by the figures of rams, dragon shaped creatures and kulans.



Алматы аумағынан табылған қола қазан. Сақтардың ұғымы бойынша қазанның аяқтарындағы таутеке бейнелері отпен және тазалықпен астастырылған. Б. д. д. V–III ғғ.

Бронзовый котел найден на территории Алматы. Козлы на ножках котлов являлись у саков символами огня и чистоты. V–III вв. до н.э.

The bronze cauldron is found on the territory of Almaty. The goats on the legs of cauldrons were sakaes symbols of fire and puritu. V–III cc. BC





Қазандардың көлемдері әртүрлі болған: жүз литрге дейін су сыятын үлкен тайқазандармен қатар 5–7 литрлік шағындары да кездесетін. Олар ру, тайпа бірлігінің ырымы ретінде әспеттелді

Размеры котлов различны: от огромных, вмещающих до сотни литров воды, до небольших вместимостью 5–7 литров. Котлы олицетворяли единение рода, племени

The sizes of cauldrons are different: from the huge ones with the volume up to one hundred liters of water up to small 5–7 liters. The cauldrons personify the unity of clan, tribe







Талғар төңірегіндегі қазбалардан алынған қола қазандар. Б. д. д. V–IV ғғ.

Бронзовые котлы из окрестностей Талгара. V–IV вв. до н.э.

The bronze cauldrons from the surroundings of Talgar. V–IV cc. BC



Алматыдан табылған штандарт (ту) От тәңірі бейнесіндегі қанатты таутеке мүсіншелерімен безендірілген. Б. д. д. IV–III ғғ.

Фигурки крылатых козлов украшали штандарт (знамя), найденный в Алматы, и символизировали стихию Огня. IV–III вв. до н.э.

The figures of winged goats decorated the standard (banner) found in Almaty and were the symbols of fire element. IV–III cc. BC



Быжы өзені жағалауынан табылған тулардың сабы. Б. д. д. VII–VI ғғ.

Навершия штандартов, найденные на р. Биже. VII–VI вв. до н.э.

The top parts of standards found on Bizhe River. VII–VI cc. BC

Алғашқы табылған қола бұйымдар сирек кездесетін бағалы мұра ретінде бірден мұражайларға жіберіліп отырған. Мәселен, 1912 жылы Верный қаласының төңірегінен табылып, «Жетісу алтарі» деген атауды иеленген құрбандық үстелшесі Эрмитажға тап болып, жете зерттеу нысанына айналды. Зерттеушілердің пікірінше, қазан, шырағдандармен бірге үстелдің де ғұрыптық мәні бар, олар қасиетті храмдарда өткізілетін күнтізбелік мейрамдарда пайдаланылған. Археологтар Алматы қаласының оңтүстік шалғайынан осындай храмдардың орнын тауып, зерттеді.

Уже первые находки изделий из бронзы в качестве раритетов отправляли в музеи. Так, жертвенный стол, найденный в 1912 году в районе г. Верного и получивший название «Семиреченский алтарь», попал в Эрмитаж и стал объектом пристального изучения. Было сделано предположение, что столы вместе с котлами и светильниками имели ритуальное назначение и использовались в календарных праздниках, совершавшихся в святилищах-храмах. Остатки такого своеобразного храма были найдены на южной окраине Алматы и изучены археологами.

Already the first findings of bronze items had been sent to the museums as rarity. So, the sacrificial table found in 1912 year in the region of Verny town and getting the name «Semirechensky Altar», was sent to Hermitage and became the subject of intent attention. The supposition was concluded that the tables together with cauldrons and lamps had the ritual meaning and had been used in calendar feasts celebrated in sanctuaries – temples. The remains of such specific temple were found and studied by archaeologists on the south border of Almaty.





Алматыдан киелі орындарды қазу кезінде табылған, қолында садағы бар салт атты кейпіндегі Митра тәңірі бейнеленген қола шырағдан. Б. д. д. III–I ғғ.

Бронзовый светильник с изображением бога Митры в виде всадника с луком в руках. Найден в Алматы при раскопках святилища. III–I вв. до н.э.

The bronze lamp with picture of God Mitra in a form of rider with the arch in his hands. Is found in Almaty during excavation of sanctuary. III–I cc. BC



Табақшасының бетінде ат пен қолына сопақша ыдыс ұстаған адам мүсіндері бейнеленген шырағдан. Бұл ата-бабаларымыздың құлшылық етіп отырған сәті болуы мүмкін. Есік қаласының маңы. Б. д. д. III–I ғғ.

Светильник, на чаше которого изображен конь и сидящий человек с кубком. Возможно, это сцена поминовения предков. III–I вв. до н.э. Район города Иссык

The lamp with the picture of horse and sitting man with bowl in his hands. Probably this is the scene of prayer for the dead. III–I cc. BC. The region of Issyk town







Таутекенің өлексесіне үймелеген қасқырлар мен қарғалар бейнеленген құрбандық үстелшесі. Оның шет-шетіне құйрық тістесе тізбектеліп келе жатқан арыстандардың мүсіндері орналасқан. Алматы төңірегінен табылған. Б. д. д. III–I ғғ.

Жертвенник с изображением волков и ворон у туши убитого козла. По краю его расположены фигуры львов, плотно идущих друг за другом. Найден вблизи Алматы. III–I вв. до н.э.

The altar with picture of wolves and crows near the carcass of crushed goat. The figures of lions going close to each other are situated on its edges. Is found near Almaty III–I cc. BC



Алматы маңынан табылған, қанатты барыстар бейнеленген қола шырағдан. Азулы аңның бойын кернеген айбынды күш пен қимылындағы асқан ептілік үйлесімі тамаша көрініс тапқан. Б. д. д. III–I ғғ.

Бронзовый светильник с изображением крылатых барсов. Великолепно передана кошачья гибкость в сочетании с грозной силой животного. Найден близ Алматы. III–I вв. до н.э.

The bronze lamp with picture of winged snow leopards. The delicate show of catlike lithe is in combination with threatening strength of animal. It is found near Almaty. III–I cc. BC





Сақтар мен үйсіндер заманында аң аулау көріністерін, таутеке, бұғы, барыс, қасқыр сияқты түз тағыларын бейнелеу петроглифтердің басты тақырыбына айналды

В эпоху саков и усуней главной темой петроглифов стали сцены охоты, изображения животных – козлов, оленей, барсов, волков

In the epoch of sakaes and usuns, the main theme of petroglyphs were the scenes of hunting, pictures of animals – goats, deers, snow leopards, wolves







Б. д. д. VIII – б. д. III ғасырларда әсерлі де әрлі мәнерде орындалған петроглифтердің скиф-сақтардың жануарлар стилімен үндестігі айқын аңғарылады

Петроглифы VIII в. до н.э. – III в. н.э. выполнены в экспрессивной форме и «созвучны» скифо-сибирскому звериному стилю

The petroglyphs of the VIII c. BC – III c. AD are done in the expressive form and «are in harmony» with the Scythian-Siberian animal style









Белгісіз суретші ит жүгіртіп, аң аулау сәтіндегі ұшқыр қимыл-қозғалысты шеберлікпен бейнелей білген

Прекрасно выполненная неизвестным художником динамичная сцена охоты с собакой

The perfectly done by unknown artist the dynamic scene of hunting with a dog



Үйір-үйір боп жосылған таутекелерді бейнелеу – сол кездегі петроглиф өнеріндегі сүйікті тақырып

Изображение многочисленных стад козлов – излюбленная тема в петроглифах этого периода

The pictures of the numerous herds of goats was the favourite theme in the petroglyphs of that period



орта ғасырлар дәуірінің қазыналары

СОКРОВИЩА ЭПОХИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ


THE MIDDLE AGE TREASURES

Орта ғасырларда мыс қолөнер кәсібі жоғары дәрежеде дамыды. Көркем нақыш, бедер түсіріліп, ою-өрнекпен безендірілген бұйымдар – құмыра, табақ, поднос, шырағдандар қолданбалы өнердің нағыз озық үлгілеріне айналды. Шетелдік бұйымдардың жасалу тәсіліне еліктей отырып, шеберлер ою-өрнек нақышына өзіндік қолтаңбаларын енгізді, нәтижесінде жергілікті дәстүр мен мәнерге негізделген, Жетісу өңіріне ғана тән ерекше көркем стиль қалыптасты.

Высокого уровня развития достигло медницкое ремесло. Украшенные чеканкой, гравировкой, инкрустацией изделия – кувшины, блюда, подносы, светильники – настоящие шедевры прикладного искусства. Подражая импортным изделиям, мастера привносили в орнаментику свое, и в результате сложился особый художественный стиль, присущий только Жетысу, в основе которого лежали местные традиции и вкусы.

The copper smith handicraf reached a high level of development. The items decorated with coinage, engraving, incrustation, such as jugs, dishes, trays, lamps are the real chef-d'-oeuvres of applied art. Imitating the imported items, the masters introduced their own into ornamentation and it was resulted into the special artistic style, so characteristic of Jetysu, the basis of which were the local traditions and tastes.





Су құятын шүмегі бар мыс құмыралар. Олардың бірінде шебердің әлде жасатушы адамның қолтаңба жазуы сақталған

Медные кувшины с носиками для слива. На одном из них сохранилась надпись – автограф мастера или имя заказчика

The copper jugs with noses for sink. The autograph of master or the name of customer is on one of them





Оң жақтағы мыс құмыралардың бірінің тұтқасы көне грек-бактрия өнерінен ауысқан пальметта өрнегімен безендірілген


Ручка одного из медных кувшинов справа украшена пальметтой – мотивом, пришедшим из греко-бактрийского искусства античности

The handle of one copper jug on the right side is decorated with palmette – the motif of Greek-Bactrian art of antiquity

Ғайыби құсқа ұқсайтын әсем құмыра. Талғар қалашығы. VIII–IX ғғ.

Изящный кувшинчик, похожий на фантастическую птицу. VIII–IX вв. Городище Талгар

The gracious small jug like a fantastic bird. VIII–IX cc. Site of ancient settlement Talgar





Өсімдік тектес өрнекпен және араб жазуларымен бедерленген сом қола шырағдандардың бөлшектері

Детали массивных светильников-канделябров из бронзы, украшенные гравированным растительным орнаментом и надписями на арабском языке

The details of massive lamps-candelabrums of bronze, decorated with the engraved herbal ornamentation and inscriptions in Arabian



Адам басты арыстандар бейнеленген мыс табақ. Олардың бастары тәж пішінінде сомдалған, құйрықтары бүйінің бізгегіне ұқсайды

Медное блюдо со сфинксами в геральдической позе. Головы их увенчаны коронами, хвосты в виде скорпионов с жалом на конце

The copper dish with sphinxes in a heraldic pose. Their heads are crowned, the tails of scorpion are with stings at the end



Күміспен зерленген сүзгі-қасық және әдемі иілме тұтқасы бар қасық. Талғар қалашығы. XII–XIII ғғ.

Ложка-ситечко с серебряной инкрустацией и ложечка с изящно изогнутой ручкой. Городище Талгар. XII–XIII вв.

The spoon-strainer with silver incrustation and a small spoon with the graciously curved handle. The site of ancient settlement Talgar. XII–XIII cc.







Өсімдік тектес оймыш өрнектермен көркемделген торшер-шырағдандардың бөлшектері. Үш қырлы тұғырдың табандары ғайыбы жануарлардың аяқтары түрпатында жасалған

Подставки и трубы – детали светильников-торшеров – украшены резным растительным орнаментом. Ножки подставок-триподов выполнены в виде лап фантастических существ

The support and pipes – the details of standard lamps are decorated with herbal ornamentation. The legs of stands-tripods are made in a form of fantastic creature's paws





Сол жақта – барыс мүсіні пішіндес құты тұтқасы. Хайуанаттың тұмсығы өсімдік тектес оймыш өрнекпен безендіріліп, күміс жалатылған

Слева ручка бронзового сосуда в виде фигурки барса. Морда животного украшена резным растительным орнаментом и инкрустирована серебром

On the left side the handle of bronze vessel is in form of snow-leopard figure. The muzzle of animal is decorated with herbal ornamentation and incrusted with silver

Әсем тұғыры мен шырағдан қоятын табақшасы бар мұндай торшерлер дәулетті үйлердің, мешіттердің ішкі еңсесіне ерекше сән беретін

Такие «торшеры» с изящной подставкой и блюдом, на которое ставился светильник, украшали интерьеры богатых домов и мечетей

Such standard lamps with gracious support and dish for lamp decorated the interiors of rich houses and mosques





Бедерлі, бейнелі нәзік ою-өрнекпен дәнекерленіп, сәнделген шырағдандар. Астауша тәрізді әшекейлі шүмегі бар. Шырағдандар құс, жануар, аң және ғайыби хайуанаттар кейпінде жасалған

Сетильники-чираги. Для их декорирования использовались гравировка, фигурные напайки, сквозной ажурный орнамент. Носик отливался наподобие желобка с фигурным окончанием. Чираги выполнялись в виде птиц, животных, зверей и фантастических существ

The lamps-chirags. Engraving, figured soldering on, through delicate ornamentation were used for their decoration. The nose was casted in a form of groove with figured ending. Chirags were made in a form of birds, animals, wild animals and fantastic creatures



Киім-кешек әшекейлері – қапсырма, түймелер ерекше сүйіспеншілікпен жасалған. Көне дәуірдің сәнқой сұлулары таққан білезіктер мен белдіктер де өте көркем. Белдіктер оның иесінің қоғамдағы жағдайының белгісі іспетті болған. Алтын бастырмалы белдіктерді – ақсүйектер, күмісін – дәрежесі одан төменірек дәулеттілер, қоланы қалған адамдар таққан. Тұрмыстық заттар – қасықтар, тостағандар да әсем-ақ.

С особой любовью изготавливались украшения одежды – застежки, пуговицы. Великолепны браслеты древних модниц и наборные пояса. Последние были знаком занимаемого в обществе положения его обладателя. Пояс с золотыми бляхами носила знать, с серебряными – богатые люди, но рангом пониже, с бронзовыми – все остальные. Изящны бытовые предметы – ложечки, чаши для питья.

Decoration of clothes – fastenings, buttons were made with a special love. The magnificent are the Bracelets and composing belts of ancient fashionable women. The belts were the mark of status in society of the owner. The belt with golden buckle belonged to the nobles, with silver ones – to rich people, but lower by rank, with bronze buckles – all others. The gracious are also the domestic items such as small spoons, bowls for drinking.





Бейнелі құйма ұсақ әшекейлер қондырылып, өсімдік тектес және эпиграфиялық (әріптік) бедерлі өрнектермен безендірілген киім қапсырмасы

Застежка одежды. Мелкие предметы отливались в формах и украшались рельефным растительным и эпиграфическим (буквенным) орнаментом

Fastening of clothes. Small decorations were melted in a form and decorated with the relief ornamentation and epigraphic (in letters) ornamentation



Сол жақта – қоладан соғылған әшекейлі белдіктің торламалы бастырмасы. Талғар қалашығы. XIII ғ.

Слева ажурная бляшка от наборного пояса, отлитая из бронзы. Городище Талгар. XIII в.

On the left side is the delicate buckle of composing belt made of bronze. The site of ancient settlement Talgar. XIII c.



Оң жақта – екі жағына бірдей бедерлі өрнек түсірілген әсем қасық

Справа изящная ложечка, с двух сторон украшенная рельефным орнаментом

On the right side: the delicate small spoon decorated from the both sides by the relief ornamentation







IX–X ғасырлардағы жауынгердің мазарынан табылған қола бастырмалар және әшекейлі белдікке салынған жапсырма сурет. Алматы төңірегі

Бронзовые бляхи и накладки наборного пояса, который найден в погребении воина IX–X вв., обнаруженном вблизи Алматы

The bronze buckles and cover plates of composing belt found in the burial of warrior of the IX–X cc. near Almaty



Сол жақта – орта тұсы айдаһардың бұдырлы бейнесімен әшекейленіп, жапсырма сурет салынған белдік. Мұндай белдіктерді аса танымал адамдар ғана таққан

Слева накладка ремня, украшенная псевдозернью с изображением дракона в центре. Такой пояс мог носить только очень знатный человек

On the left side is cover plate of belt decorated with pseudo-granular ornamentation with a picture of dragoon in the center. Such belt could wear only a very noble man

Жетісу өңіріне тән бұйымның бірі – күміс білезік. XIII ғ.

Серебряный браслет, типичный для Жетысу. XIII в.

The silver bracelet – typical for Jetysu. XIII c.





Алтын мен күмістің қоспасынан құйылған бұл тамаша құты мен белдік әшекейі атақты ақсүйектікі екені күмәнсіз. Алматы маңынан табылған

Этот великолепный сосуд из электра (сплав золота и серебра) и украшения пояса принадлежали знатному человеку. Найдены вблизи Алматы

This delicate vessel made of electra (alloy of gold and silver) and decorations of belt belonged to a noble man. Are found near Almaty

Оң жақта – киім әшекейінің бөлігі

Справа фрагмент украшения костюма

On the right side is the fragment of costume decoration




Орта ғасырлар – керамика өндірісінің өркендеу дәуірі. Оның түр-түрлері көп-ақ: асхана құмыралары мен сапты-аяқтар; су, май, шарап тасымалдауға, сақтауға және дастарханға қоюға арналған құмыралар; тамақ дайындайтын қыш құмыралар мен қазандар; алуан түрлі шырағдандар, бойтұмарлар, ойыншықтар, басқа да көптеген заттар. Бұл бұйымдар қарапайым толқынды сызықтардан бастап өсімдік тектес күрделі композицияны қамтитын оймыш, сызба және бедерлі өрнектермен көркемделді. Шыны тәрізді түсті жылтыр қабатпен қапталып, қызыл, қара, жасыл, қоңыр бояулы өрнек жүргізілген керамика бұйымдар пайда болды. Өсімдік, геометриялық, зооморфтық, эпиграфиялық ою-өрнектер алуан түрлілігімен таң қалдырады...

Средние века – это время расцвета в производстве керамики. Ее формы многообразны – столовые кувшины и кружки; кувшины для транспортировки, хранения и подачи к столу воды, масла, вина; горшки и котлы для приготовления пищи, разнообразные светильники, амулеты, игрушки и многое другое. Изделия украшает орнамент – резной, прочерченный и рельефный, от простой волнистой линии до сложных растительных композиций. Появляется керамика, покрытая блестящим стекловидным слоем – глазурью разного цвета и подглазурными росписями красной, черной, зеленой, коричневой красками. Поражает разнообразие орнамента: растительный, геометрический, реже зооморфный, эпиграфический...



The Middle Ages is a time of flourishing in production of ceramics. Its forms are varied, such as jugs and mugs, jugs for transportation, storage and putting on the fable of water, oil, wine; pots and cauldrons for cooking, various lamps, amulets, toys and the others. The items are decorated with ornamentation – curved, drawn and relief, from a simple wave line to a compound herbal compositions...



Шарапқа арналған «жалғаспалы» құмыра мен бойтұмар. Талғар қалашығы. XII ғ.

Два «сообщающихся» кувшина для вина и амулет. Городище Талгар. XII в.


Two «connecting» jugs for wine and amulet. The site of ancient settlement Talgar. XII c.



Төрт жапырақшалы өсімдік сызбасымен әшекейленген антропоморфтық (адам пішіндес) құмыра. Талғар қалашығы. X ғ.

Антропоморфный (похожий на человека) кувшин, украшенный прочерченным четырехлепестковым цветком. Городище Талгар. X в.

The anthropomorphous (like a man) jug decorated with drawn four petal flower. The site of ancient settlement Talgar. X c.



Антропоморфтық құмыра. Басы тәж түрінде сомдалған, тұмсығы тік. Аузына шыны тәріздес қождан қондырма орнатылған, тұтқасы бұрымға ұқсайды. Тұрқы ойма өрнекпен және жапсырмалармен әшекейленген. Талғар қалашығы (Талхир қаласы). X ғ.

Антропоморфный кувшин. «Голова» увенчана короной, прямой нос. Рот показан вставками стекловидного шлака, ручка в виде косы. Тулово украшено резным орнаментом и налепами. Городище Талгар (город Тальхир). X в.

The anthropomorphous jug. «The head» is crowned, the nose is straight. The mouth is shown by the flaming of glass-shaped slag, the handle is in a form of plait. The body is decorated with curved ornamentation and sticks. The site of ancient settlement Talgar (town Talkhir) X c.





Алматы аумағындағы қазбалардан табылған, шарап тасымалдауға арналған құмыра мен құты. X–XI ғғ.

Кувшин и сосуд для перевозки вина, найденные при раскопках на территории Алматы. X–XI вв.

The jug and vessel for transportation of wine found during excavations on the territory of Almaty. X–XI cc.

Жылтыр әр мен эпиграфиялық өрнек жүргізілген қос тұтқалы құты және су құюға арналмаған қос тұтқалы құты. Алматы төңірегі. X–XI ғғ.

Глазурованный двуручный сосуд с эпиграфическим (буквенным) орнаментом и неполивной двуручный сосуд. Территория Алматы. X–XI вв.

The glazed two-handle vessel with epigraphic (in letters) ornamentation and unglazed two-handle vessel. Territory of Almaty. X–XI cc.







Жылтыр қоңыр бояумен (саз балшықтың боялған қабаты) сырланған құтылар. Құмыралар сұйықтықты тасымалдауға және сақтауға , ал тостағандар айран, сүт, қымыз ішуге арналған. Қаялықтағы қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдар. XIII ғ.

Сосуды, покрытые блестящей коричневой краской (окрашенный слой глины). Кувшины предназначались для перевозки и хранения жидкостей, а из чаши пили айран, молоко, кумыс. Найдены при раскопках Каялыка. XIII в.

The vessel covered with bright brown color (colored layer of clay). The jugs were intended for transportation and storage of fluids, and the bowls were used to drink airan, milk, kumys. Are found during excavations of Kayalyk. XIII c.

Төменде – тамақ пісіретін қос тұтқалы қазан. Оң жақта – бедерлі өрнегі бар қытайдың фарфор тостағаны. Талғар қалашығын қазғанда табылған. XIII ғасырдың бірінші жартысы

Внизу двуручный котел, в котором готовили пищу. Справа – импортная китайская фарфоровая чаша с рельефным орнаментом. Найдены при раскопках городища Талгар. Первая половина XIII в.

Below is two-handle cauldron for cooking. On the right side is the imported Chinese porcelain bowl with the relief ornamentation. Are found during excavations of the site of ancient settlement of Talgar. The first half of the XIII c.







Алтын өрнек жүргізілген зерлі тостақ-кеселер. Құмырада құстар мен парсы тілінде жазу жазылған таспалар бейнеленген. Қаялық. XIII ғасырдың бірінші жартысы

Глазурованные чаши-пиалы и кувшин, украшенный росписью золотом (люстр). На кувшине изображения птиц и ленты с надписью на персидском языке. Каялык. Первая половина XIII в.

The glazed bowls-piala and a jar, decorated with golden painting (lustr). The pictures of birds and a stripe with Persian inscription are on the jug. Kayalyk. The first half oh the XIII c.



Гүл және жапырақ түрінде ойма бедер салынған көркем сылақтың бөлшектері. Мұнымен қонақ қабылдайтын сән-салтанатты бөлмелердің қабырғалары безендірілген

Фрагменты художественной штукатурки, покрытой резьбой в виде цветов и листьев, – части панелей, украшавших интерьер парадных комнат

Fragments of artistic plaster, covered with carving in a form of flowers and leaves – parts of panels, decorating the interior of parade halls







Орта ғасырлардағы люстралардың бір түрі – саз шырағдан. XI ғ.

Глиняный чирак – светильник, своеобразная средневековая люстра. XI в.

The clay chirag-lamp, the distinctive middle age chandelier. XI c.

Талғар қазбаларынан табылған төрт құлақты аспалы саз шырағдан. XII ғ.

Глиняный четырехрожковый подвесной светильник из раскопок Талгара. XII в.

The clay four-hornet pendulous lamp from Talgar excavations. XII c.

Қораздың басына ұқсайтын фарфор құмыра мойнының сақталып қалған бір бөлшегі. XIII ғ.

Сохранившийся фрагмент горла фарфорового кувшина, сделанный в виде головы петуха. XIII в.

The remained fragment of porcelain jugs neck, made in a form of cock's head. XIII c.



Керамика құмыралардағы шебердің немесе оны жасатқан адамның аты-жөні (анықталмады) көрсетілген жазу қалалықтардың сауатты болғанын айғақтайды. Талғар қалашығы. XII ғ.

О грамотности горожан свидетельствуют надписи на керамических сосудах – имя мастера или заказчика (не определено). Городище Талгар. XII в.

The inscriptions on the ceramic vessels – the names of masters, which made the vessel or customers (not defined), are the evidences of literacy of citizens. The site of ancient settlement Talgar (town Talkhir) XII c.

Сол жақта – крестердің баспа-таңбасы түсірілген құты. Ол христиан дініндегі адамдікі болуы немесе соның тапсырысымен жасалуы мүмкін. Қаялық. XIII ғ.

Справа сосуд, украшенный оттисками крестов; возможно, он принадлежал христианину или был сделан по его заказу. Каялык. XIII в.

On the right side is the vessel, decorated with the impressions of Christs, which probably belonged to a Christian or was made by his order. Kayalyk. XIII c.





Терезеге арналған шыны дискілер арнайы дөңгелек ойықтарға орнатылған. Диск-терезелер ақ, көгілдір, қызғылт және жасыл түсті болып келеді. Қаялықтағы бай үйдің орнын қазған кезде табылған. XIII ғ.

Стеклянный диск для окна вставлялся в специальное круглое отверстие. Окна-диски были белого, голубого, розового и зеленого цветов. Найден при раскопках богатого дома в Каялыке. XIII в.

The glass disk for window for framing into a special round-shaped hole. The windows-disks were of white, blew and green colors. Is found during excavation of rich house in Kayalyk. XIII c.



Адам пішіндес құты тұтқасы мен иттің басына ұқсайтын құмыра суағары

Ручка сосуда в виде человека и слив кувшина в форме головы собаки

The handle of vessel in a form of man and sink of jug in a form of dog's head



Су бастау-негізінің желеп-жебеушісі – өгіздің басы түріндегі суағары бар керамика құмыра

Керамический кувшин со сливом в виде головы быка – покровителя водной стихии

The ceramic jug with sink in a form of bull's head – patron of water element

Алматы мен Жетісу өңірінің ортағасырлық қалалары жергілікті, аймақтық және халықаралық дәрежедегі сауда-саттық қызу өрістеген орталықтардың бірі болды. Заттардың құнын теңгемен бағалау өмірдің барлық салаларына енді. Көптеген қалаларда жеке теңге соғатын сарайлар жұмыс істеп, мыс пен күміс, сондай-ақ қолаға күміс жалатылған теңгелер шығарылды. Талғардан XI–XII ғасырларда соғылған жергілікті теңгелер, ал қазіргі Алматы аумағынан шыққан жері – Алматы теңге сарайы мен датасы көрсетілген XIII ғасырдың соңғы ширегіндегі теңгелер табылды. Алма бақтарына оранған тау баурайындағы қала сол кездің өзінде қазіргі атауымен аталған еді.

Алматы и средневековые города Жетысу были центром активной торговли – местной, региональной и международной. Хождение монет пронизало все сферы жизни. Во многих городах имелись собственные монетные дворы, где чеканились монеты из меди и серебра, а также медные посеребренные монеты. В Талгаре найдены монеты XI–XII вв. местной чеканки, а на территории современной Алматы – монеты последней трети XIII в. с указанием места чеканки – монетного двора Алматы и даты. Уже в то время город, возникший у подножия гор, покрытых яблоневыми садами, носил название, сохранившееся и сейчас.

Almaty and middle-age towns of Jetysu were the centers of active trade – local, regional and international. The circulation of coins crossed all spheres of life. Many towns had their own mints, where the coins of copper and silver, and also copper silvered coins were made. In Talgar are found the coins of the XI–XII CC., of local coinage, and on the territory of modern Almaty – coins of the last third of the XIII C. with definition of the place of coinage – mint of Almaty yard and the date. Already at that time the town, which appeared at the foothills of mountains covered with apple gardens, had the name remained now.



1271–1277 жылдары Алматы қаласының (балад) теңге сарайында соғылған күміс жалатпасы бар мыс дирхемдер. Теңгелердің орта тұсына қала билеушісінің таңба-белгісі орналастырылған, ал шетін жиектей орта ғасырларда Шығыста кеңінен таралған арабша жазу жазылған

Посеребренные медные дирхемы, отчеканенные на монетном дворе города (балад) Алматы в 1271–1277 гг. В центре монет размещена тамга – знак (герб) владетеля города, по кругу идет надпись на арабском языке, который был широко распространен в средние века на Востоке

The silvered copper dirkhems, made on the mint of Almaty town (balad) in 1271–1277. In the center of coins is situated tamga-sign (emblem) of town's owner, around the circle is the Arabian inscription which was widely spread in Middle Ages in the East



XI ғасырдағы Қарахандықтар дәуіріне жататын бұл теңгелер Талғар қалашығын қазу кезінде табылды. Теңге бетіндегі мыс шеңберлер оның жергілікті жерден шыққандығын дәлелдейді. Мұндағы мәлімет-деректер арнайы мөр-белгі соғу тәсілімен түсірілген

Монеты XI в., относящиеся к эпохе Караханидов, найдены при раскопках городища Талгар. Местное производство монет доказывается наличием заготовок – медных кружков. Удар штемпелем – и монета готова со всеми ее выходными данными

The coins of the XI c., referred to the epoch of Karakhanidians are found during excavations of the site of ancient settlement of Talgar. The local production of coins is approved by the presence of half-finished products – copper circles. The stroke with stamp – and the coin is ready with its all data



XI–XII ғасырлардағы Талғар қалашығының күміс жалатылған теңгелері. Ұзақ уақыт қолдан қолға өту нәтижесінде олардағы жазулар өшіп, көмескі тартқан

Бронзовые посеребренные монеты XI–XII вв., городище Талгар. В результате долгого «хождения по рукам» надписи на них сильно стерты

The bronze silvered coins of the XI–XII cc., the site of ancient settlement Talgar. As the result of long «circulation in hands» the inscriptions has become obliterated strongly

Ең көп таралған тұрмыстық заттардың бірі қола айналар болды. Оның жүз жағы жылтырата өңделді де, қарама-қарсы беті бедерлі өрнекпен безендірілді. Айналар қалыпта құйылып жасалды. Ортасына саңылауы бар шығыңқы құлақша орнатылып, оған белдікке тағып жүру үшін бау өткізілді. Шеттен әкелінген және жергілікті жерде жасалған айналар өсімдік тектес өрнектермен, үй ішіне бақыт, тыныштық, денсаулық тілеген жазулармен әшекейленді.

Одним из самых распространенных предметов повседневного обихода были бронзовые зеркала. Одна из сторон бронзового диска полировалась до блеска – в нее и смотрелись. Обратная сторона украшалась рельефным орнаментом – зеркала отливались в формах. В центре делалась изящная головка-выступ с отверстием, куда продевался шнурок для ношения зеркала на поясе. Завезенные и местные зеркала украшались богатым растительным орнаментом – цветами, ветками, надписями на арабском языке с пожеланиями счастья, мира в доме, здоровья.

One of the most spread items of every day life were the bronze mirrors. One of the sides of bronze disk had been polished up to the brightness – for looking into it. The reverse side was decorated by the relief ornamentation – the mirrors had been melted in the forms. In the center was the delicate head – projection with a hole for the lace to hold it on the belt. The imported and local mirrors were decorated with rich herbal ornamentation – flowers, branches, Arabian inscriptions with the wishes of happiness, peace at home, and health.





Айналар бұлттардың, ұзақ өмір мен бақыттың ишарасы – аспанда ұшып жүрген тырналардың бейнесімен, «бақытты отбасы» көріністерімен, кейде жануарлардың мүсіндерімен әшекейленді

Зеркала украшались изображениями облаков, летящими журавлями – символами долголетия и счастья, сценами «счастливого семейства», иногда фигурками животных

The mirrors had been decorated with the pictures of clouds, flying cranes – symbols of long life and happiness, scenes of «happy family», sometimes with the figures of animals





Бұл айналар XII–XIII ғасырдың бастапқы кезеңіндегі Талғар қалашығының қазбаларынан алынған

Эти зеркала с городища Талгар XII – начала XIII вв.

These mirrors are from the site of ancient settlement of Talgar of XII – early XIII cc.

Орта ғасырларда аймақта көркем және кәсіптік бұйымдар өндірісі өркендеп, қанат жайды. Қалада ұста кәсіпшілігі жоғары қарқынмен дамыды. Темірден түйін түйетін шеберлер оны балқытып, соқа түрені, кетпен, пішіні мен көлемі әртүрлі балталар, киім бөліктері, қару-жарақ, кір тастары, шырағдандар сияқты тұрмысқа қажетті нәрселердің бәрін жасады. Олар шойын мен болат та қорыта білді. Әсіресе ортағасырлық Алматы және Талғар қалалары ұсталарының осындай шеберліктерімен даңқы жайылды.

На средние века приходится расцвет производства художественных и ремесленных изделий региона. Высокого развития в городе достигло кузнечное ремесло. Железных дел мастера плавили железо, выковывали все необходимые в быту изделия: лемехи, кетмени, топоры разных форм и размеров, детали одежды, оружие, гири, светильники. Умели они варить чугун и булатную сталь. Особенно этим мастерством славились кузнецы средневековых городов Алматы и Талгар.

The Middle Ages is the time of flourishing of artistic and handicraft items production of a region. The high level of development in towns was reached by a blacksmith's handicraft. The masters of iron handicraft melted iron, made all necessary domestic items: ploughshares, ketmens, axes of different forms and sizes, details of clothes, weights, lamps. They could also to melt cast iron and damask steel. Especially the black-smiths of medieval towns Almaty and Talgar were famed for this handicraft.





Талғар қалашығы мен Алматы маңынан табылған диқаншылық кәсіп құрал-жабдықтары – түрен мен кетпендер. XI–XII ғғ.

Земледельческие орудия представлены лемехами и кетменями. Найдены на городище Талгар и территории Алматы. XI–XII вв.

The agricultural labor implements are presented by ploughshares and ketmens. XI–XII CC. are found in the site of ancient settlement of Talgar and on the territory of Almaty



Күміс ойықша кертпемен әшекейленген белдік бөліктері – тоғалар темірден жасалды

Из железа изготавливали поясную гарнитуру – пряжки для ремней, украшенные серебряной насечкой

The belt set – buckles for belt decorated with silver inlay had been made of iron

Пішіндері мен көлемдері әртүрлі балталар. Бұлардың ішінде ағаш шеберінің балтасынан отын жарғыш балтаға дейін бар. Талғар қалашығы мен Алматы маңы. XI–XII ғғ.

Внизу топоры разных форм и размеров: от плотничьих топориков до колунов для заготовки дров. Городище Талгар и территория Алматы. XI–XII вв.

Below are the axes of different forms and sizes; from the carpentry axes to the wood choppers. The site of ancient settlement Talgar and on the territory of Almaty. XI–XII cc.



Найзаның темірден жасалған сүйір ұштары

Железные наконечники с острыми жалами для боевых пик

The iron heads with sharp strings for battle lances



Темір балқытқанда пайдаланылатын ұста құрал-жабдықтары: төс, тістеуік және қалақтар. Талғар қалашығы. XI–XII ғғ.

Внизу инструменты кузнеца – наковаленки, щипцы и совки для плавки железа. Городище Талгар. XI–XII вв.

Below are the instruments of blacksmith: small anvils, pair of tongs and scoops for casting iron. The site of ancient settlement Talgar XI–XII cc.



Күнделікті тұрмыста тас пен сүйектен жасалған әлеміш заттар кеңінен қолданылған. Олардың кейбірін Ұлы Жібек жолы бойымен ағылған керуендер әкелсе, енді бірі жергілікті шебердің қолынан шыққан. Орта Азия халықтарының ең сүйікті әрі қастерлі тастарының бірі – нефриттің сонау ескі замандардың өзінде ғұрыптық мәні болған. Түркілер оны «джада», «джеде», «таш», «яда», «суу-тас», яғни «жаңбыр тасы» деп атаған. Осы тастың көмегімен түркі бақсылары жаңбыр шақырған деген сенім де сақталған.

Широкое хождение в быту имели изделия из поделочного камня и кости, как завезенные караванами по Великому Шелковому пути, так и местного производства. Нефрит – один из наиболее любимых и почитаемых камней у народов Центральной Азии, уже с глубокой древности он был предметом культа. Тюрки называли его «джада», «джеде», «таш», «яда», «суу-таш», что означало «дождевой камень». Сохранились предания, что с помощью этого камня тюркские шаманы вызывали дождь.

The wide spread had the items of stone and bone brought by caravans as well as of local production. Nephritis is one of the most lovely and honored stones of Central Asia people, and it was the subject of cult from the ancient time. The Turks called it «djada», «djede», «tash», «sun-tash», what means the rain stone.





«Мәңгілік тасы» – Жетісудың жасыл нефритінен соғылған тоға, ұштық және белдік бастырмалары. Алматы маңындағы ортағасырлық қорған-обадан табылған. XI–XII ғғ.

Уникальные пряжка, наконечник и бляхи наборного пояса, выточенные из зеленого семиреченского нефрита – «камня вечности». Найден в средневековом захоронении вблизи Алматы. XI–XII вв.

The unique buckle head, plate of composing belt made of semirechensky nephritis – «stone of eternity». Is found in the Middle-Age burial near Almaty XI–XII cc.



Жұмсақ сұр тастан (серпентинит) жасалған ирек түтік. Оның беткі жағы мен айнала жиегіне көне түркі руникалық жазуы (әлі оқылмаған) түсірілген. Руна жазуы VII–X ғасырларда Жетісуда кеңінен тараған

Напрясло из мягкого серого камня – змеевика (серпентинита). На его поверхности и по окружности прочерчена (пока не прочитанная) древнетюркская руническая надпись. Руническое письмо было распространено в Жетысу в VII–X вв.

Spinner made of soft gray stone serpentine. On its surface and around it is carved the inscription (not read yet) ancient Turkic runic. The runic inscription was spread in Jetysu in the VII–X cc.



Әлеміш тастардан жасалған белдік, киім әшекейлері, түймелер, салпыншақ бойтұмарлар, ат әбзелдерінің бөлшектері. Талғар. XI–XII ғғ.

Из поделочного камня резчики делали украшения поясов, одежды, пуговицы, амулеты-подвески, детали конской сбруи. Талгар. XI–XII вв.

Decorations of belts, clothes, buttons, amulets-pendants, details of horse harness are made of handicraft stone. Talgar XI–XIII cc.

Сүйектен түрлі тұрмыстық заттар: тоға, түйме, қапсырма, түйреуіш, пышақ сабы, көркем оймышты сандықша, тұмарша, білезік, әдемі шахмат мүсіншелері жасалған. Талғар қалашығы. XI–XII ғғ.

Из кости мастерили разнообразные предметы обихода: пряжки, пуговицы, застежки, булавки, ручки ножей, шкатулки с художественной резьбой, медальоны, браслеты, изящные шахматные фигурки. Городище Талгар. XI–XII вв.

The various domestic items are made of bone: buckles, buttons, fasteners, safety pins, knife handles, bones with the artistic carving, medallions, bracelets, gracious chess figures. The site of ancient settlement of Talgar



Талхир қаласының шеберлері мүйіз бен сүйектен ойып жасаған тоға мен қапсырмалар. X–XI ғғ.

Пряжки и застежки из рога и кости, вырезанные мастерами из города Тальхир. X–XI вв.

Buckles and fasteners made of horns and bone, carved by the masters from Talkhir town of the X–XI cc.



Орта ғасырларда қалаларда өмір сүрген адамдар зороастризм (отқа табыну), христиан, будда, мұсылман діндерін ұстанған. Будданың сүйектен жасалған, басы сынып қалған мына мүсіні Талғардан табылды. XII–XIII ғасырдың басы

В средневековых городах жили люди, исповедующие разные религии, – зороастрийцы (огнепоклонники), христиане, буддисты, мусульмане. Эта костяная фигурка Будды с отбитой головой найдена в Талгаре. XII – начало XIII вв.

People of different religions: Zoroastrians (fire worshippers), Christians, Mouslems, Buddhists lived in medieval towns. This bone figure of Buddha with broken head is found in Talgar XII-early XIII cc.







Орта ғасырлардағы петроглифтер өзінен бұрынғылардан едәуір айырмашылығымен ерекшеленді. Олардың сюжеттері күрделеніп, тақырыптары кеңейе түсті. Жартастарға найза, ту ұстаған салт аттының мүсіндері, атты және жаяу сарбаздардың жекпе-жегі, көш көріністері қашалып түсірілді

Петроглифы эпохи средневековья значительно отличались от предыдущих во времени. Их сюжет усложнился, темы расширились. На скалах выбивали фигуры всадников с копьями, украшенными знаменами, поединки конных и пеших воинов, сцены кочевок

The petroglyphs of the epoch of Middle Ages are different essentially from the previous ones. Their subject had become more complicated, the items had become wider. The figures of riders with spears decorated by banners, the duels of horse and foot warriors, scenes of migrations had been carved on the rocks

Сол жақта – қыранның сирек кездесетін суреті


Слева редкое изображение сокола

On the left side is a rare picture of falcon

Оң жақта – түлпарды ауыздықтап мінген батырлар – көне түркі жауынгерлері

Справа древнетюркские всадники – обобщающий образ героя на богатырском коне

On the right side are the ancient Turkic riders – the general image of a hero on Herculean bogatyr horse





ББК 63.4 (2 Каз) я6
Д73

Д73 Древние сокровища Алматы и Жетысу: Фотоальбом. – Алматы: Credo, 2004. – 172 с., илл. (на каз., рус., англ. яз.).

ISBN 9965–9164–9–7

В фотоальбоме рассказывается о развитии древней культуры в районе Алматы и Жетысу, оставившей яркий след в мировой цивилизации.

Для широкого круга читателей.

ББК 63.4 (2 Каз) я6

Библиография

Байпаков К.М. Находка клада керамики на территории Алма-Аты // Вестник АН КазССР №2, 1974.
Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Северо-восточного Жетысу. Алматы, 2002.
Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. Т.II, ч.1. М., 1963.
Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. // Сочинения. Т.IV. М., 1966.
Бернштам А.Н. Золотая диадема из шаманского погребения на р. Каргалинка // Краткие сообщения об исследованиях Института материальной культуры. Вып.V. М.–Л., 1940.
Бернштам А.Н. Прошлое района Алма-Ата. Алма-Ата, 1948.
Жолдасбаев С. Жетісу тарихы (XVI-XVIII вв.). Алматы, 1996.
Кузьмина Е.Е. Дионис у усуней (о семантике Каргалинской диадемы) // Новые памятники письменности и искусства. М., 1987.
Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1952.
Нифонтова Л.К. Последние археологические поступления в Центральный исторический музей Казахской ССР // Известия АН КазССР / Сер. археол. Вып.1. 1948.
Савельева Т.В. Кузнечное ремесло Илийской долины // Известия АН КазССР / Сер. обществ. наук. №1, 1989.
Chang C., Tourtellotte P., Baipakov K., Grigoriev F. The evolution of Steppe communities from the Bronze Age through medieval periods in Southeastern Kazakhstan (Zhetysu). Sweet Briar – Almaty, 2002.

Д $\frac{4911010000}{00(05)-04}$
ISBN 9965–9164–9–7

Руководитель проекта ***Карл Байпаков***
Специальная фотосъемка ***Олег Белялов***
Художник ***Наталья Селиванова***
Переводчики ***Балжан Хабдина, Лейла Сейфулина***
Компьютерная верстка ***Иван Костенко***
Корректор ***Мария Губина***
Директор типографии ***Виктор Шмонин***
Технолог ***Степан Орешкин***

Подписано в печать 19.03.2004
Отпечатано в типографии «Print S»
Заказ 533. Тираж 1000 экз.

© Байпаков К.М., Савельева Т.В., текст, 2004
© Белялов О., фото, 2004
© Селиванова Н., дизайн, обложка, 2004
© Хабдина Б., перевод на каз. яз., 2004
© Сейфулина Л., перевод на англ. яз., 2004